



«QazExpoCongress» ҰК» АҚ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2024





МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Басшының сөзі	4
2-бөлім. Компания туралы	7
3-бөлім. Негізгі бағыттар бойынша қызмет нәтижелері	11
4-бөлім. Өткен жылғы негізгі оқиғалар мен жетістіктер	21
5-бөлім. Жарғылық капиталдың құрылымы	22
6-бөлім. 2025 жылға арналған негізгі мақсаттар мен жоспарлар	23
7-бөлім. Тәуекелдерді басқару жүйесі	23
8-бөлім. Корпоративтік басқару	24
9-бөлім. ESG қағидаттарын енгізу және қолдану	36
10-бөлім. Экологиялық саясат	40
11-бөлім. САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН ПРОГРЕСС (РЕГРЕСС)	41
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ	42
1-қосымша. Қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есеп	43



**"QazExpoCongress" ҰК" АҚ
Директорлар кеңесінің
төрағасы Серік Мақашевич
Жұманғариннің сөзі**

Құрметті әріптестер, қымбатты достар!

Қорытындыларға зер сала отырып, Компания алға қойған мақсаттар мен міндеттеріне жетті деп сеніммен айта аламын.

2024 жыл оқиғаларға толы болып, Компания қызметінің барлық бағыттары бойынша жұмыс жүргізілді. Мысалы, жыл басынан бері Компанияның халықаралық іс-шараларға қатысуы аясында үлкен жұмыс атқарылды. Компания еліміздің EXPO 2025 Osaka дүниежүзілік көрмесіне қатысуын қамтамасыз ету шеңберінде Қазақстанды Орталық Азия өңірінде сенімді түрде көшбасшы орын алатын, бай тарихи мұраны, өзіндік мәдениетті және ұлттың бірегей бейнесін көрсететін ғасырлар бойғы дәстүрлерді сақтаған, сондай-ақ біздің инвестициялық әлеуетімізді білдіретін ел ретінде танытатын Ұлттық павильон тұжырымдамасын әзірледі.

Қазақстан Республикасының павильоны - қарапайым ғана көрме кеңістігі емес, бейнелер мен мағына тоғысқан философия.

Естеріңізге сала кетсек, биыл Жапонияның Осака қаласында EXPO 2025 дүниежүзілік көрмесі бастау алды. Ұйымдастырушылардың деректері бойынша ауқымды іс-шараға 160 ел мен 9 халықаралық ұйым қатысып жатыр, 28 млн-нан астам адам келіп көреді деп болжанып отыр. Көрме 2025 жылдың 13 сәуірі мен 13 қазаны аралығында өтеді. Жасанды Юмешима аралы өткізілетін орын болып таңдалған. EXPO-ның басты тақырыбы - "Біздің өміріміз үшін болашақ қоғамын құру", бұл тақырып үш: "Өмірді құтқару", "Құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту" және "Өмірді біріктіру" бағыттары арқылы ашылады.

Сонымен қатар, 13 маусымда Компания АҚШ пен Орталық Азия сауда және инвестициялар жөніндегі негіздемелік келісім кеңесінің (TIFA) XV отырысын ұйымдастырды, онда TIFA шеңберінде Қазақстан, АҚШ, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Тәжікстан сияқты алты қатысушы елдің өкілдері сауданы әртараптандыру және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылады.

Компания 5 қыркүйекте Белград қаласында Қазақстан-Сербия сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының III отырысына қатысты.

Отырыс аясында EXPO 2017 Astana халықаралық мамандандырылған көрмесін сәтті өткізу қорытындыларын бөлісті және көрме кешенінің ағымдағы мәртебесін таныстырды. Мұндай іс-шаралар екі ел арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Компанияның әртүрлі деңгейдегі және форматтағы халықаралық және республикалық іс-шараларды өткізуде үлкен тәжірибесі бар екеніне назар аударғымыз келеді. Сонымен қатар, халықаралық стандарттар мен өткізілетін іс-шаралардың талаптарына сәйкес келетін инфрақұрылым өз кезегінде елдегі іскерлік және оқиғалық туризмді дамытуға ықпал етеді. Осылайша, есепті кезеңде Конгресс орталықта 80 іс-шара, EXPO халықаралық көрме орталығында 60-қа жуық іс-шара өткізілді.

Іскерлік белсенділіктен басқа, EXPO кешенінің аумағында елорда тұрғындары мен қонақтарына арналған Наурыз мейрамы, Халықаралық балаларды қорғау күні және Астана күні сияқты ауқымды мәдени-бұқаралық және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар ұйымдастырылды. Сондай-ақ жазғы кезеңде ашық аспан астында концерттер өткізілді.


Компанияның қаржы және IT секторларын дамытудағы, EXPO 2017 мұра объектілерін пайдаланудағы стратегиялық рөлін ескере отырып, Болашақ энергиясы музейінің тарихындағы маңызды кезеңді атап өткіміз келеді.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев желтоқсан айында музей ғимаратында Alem.AI халықаралық жасанды интеллект орталығын құру бойынша Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ұсынған тұжырымдаманы мақұлдады.

Бұл жер қазір жоғары технологиялық көшбасшылардың жаңа буынын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын жаһандық жасанды интеллект қауымдастығы үшін тартымды орынға айналып отыр.

Қорытындылай келе, Компания өзінің жылжымайтын мүлкін жалға беру және басқару, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде конгресс-көрме іс-шараларын өткізу және ұйымдастыру есебінен операциялық жағынан залалсыздыққа шығып, мемлекеттік бюджеттен берілетін дотациялардан толық ажырағанын баса айтып өткіміз келеді. EXPO кешенінің аумағындағы барлық ғимараттардың толымдылығы 100% екенін атап өткен жөн.

Сөзімді аяқтай келе, Компания басшылығы мен ұжымына адал еңбегі және жұмысқа дегені пейілдері үшін алғысымды білдіргім келеді!



"QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма төрағасы
Дияс Сержанович Азбергеновтің сөзі

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

Өткен жыл Компания қызметін дамытудағы және EXPO іскерлік кешенінің халықаралық, республикалық, қоғамдық, мәдени және білім беру бастамаларының негізгі алаңы ретіндегі рөлін нығайтудағы маңызды кезең болды.

Жыл басынан бері Компания қызметінің барлық негізгі бағыттарын қамтитын бірқатар ауқымды жобалар мен іс-шаралар, оның ішінде халықаралық ынтымақтастық пен EXPO объектілерін көпке танытудан бастап елорда тұрғындары мен қонақтары үшін қоғамдық маңызы бар іс-шаралар өткізілді.

Ерекше атап өткіміз келетін іс-шаралар:

** Халықаралық әріптестікті дамыту*

Қытайдың сыртқы сауда орталығының өкілдерімен келіссөздер жүргізіп, Қазақстан-Сербия үкіметаралық комиссиясының отырысына қатыстық, сондай-ақ Астанадағы германдық Messe Frankfurt GmbH ірі көрме концерні кеңсесінің ашылуына куә болдық. Бұл EXPO іскерлік кешеніне, оның ішінде EXPO халықаралық көрме орталығына деген жоғары халықаралық қызығушылықтың бар екенін айғақтайды.

** EXPO кешенінің мәдени-ойын-сауық контенті*

Жыл бойы баршаға қуаныш, жақсы көңіл-күй және ұмытылмас әсер сыйлауға тырыстық.

Компания Наурыз мейрамы, Халықаралық балаларды қорғау күні және Астана күні сияқты ауқымды мерекелер ұйымдастырды. Сондай-ақ, дәстүр бойынша жазда ашық аспан астында концерттер өткізілді. Жазғы сахнада танымал әртістер мен ұжымдар өнер көрсетті.

** Кәсіпкерлік пен әлеуметтік интеграцияны қолдау*

Garage Fest, БайSpace және «Kids EXPO. Балалар әлемі» жобалары осал әлеуметтік топтардың өкілдерін қоса алғанда, 180-нен астам кәсіпкер мен қолөнершілер алаңына айналды. Бұл инклюзивті экономика мен шағын бизнесті дамытуға қосылған маңызды үлес.

** Жаһандық әлемдік мәселелерді талқылауға және шешуге арналған алаң*

Астанада алғаш рет өзгермелі жаһандық тәртіпте орта державалардың рөліне арналған Astana Think Tank Forum 2024 өтті. Форумға 22 елден 45 сарапшы - жетекші шетелдік және қазақстандық талдау орталықтарының басшылары, зерттеушілер, сарапшылар мен дипломаттар қатысты.

** Елдегі көрме индустриясын дамыту*

Біз Дүниежүзілік көрме индустриясы қауымдастығы (UFI), Messe Frankfurt GmbH, Қытайдың сыртқы сауда орталығы, Росконгресс қоры және т.б. сияқты ірі ұйымдармен ынтымақтаса отырып, елдегі көрме индустриясын дамытуды белсенді түрде жалғастыра береміз.

Көрме индустриясы саласындағы осындай ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл Қазақстанда, атап айтқанда UFI сертификаты бар EXPO халықаралық көрме орталығының алаңында салалық көрмелер өткізуге ықпал етеді. Сондай-ақ, бұл халықаралық ынтымақтастықты, MICE-индустрияны дамытуға, экспорттық әлеуетті ұлғайтуға, инвестициялар тартуға, жаңа нарықтарда брендтер мен өнімдерді ілгерілетуге және т.б. әсер етеді.

** Жаңа миссия: елдің болашақ цифрлық дамуының флагманы*

Болашақ энергиясы музейінің тарихындағы маңызды кезең аяқталды. Ол Президент Қ.К. Тоқаев мақұлдаған Alem.AI. халықаралық жасанды интеллект орталығына құрылымдалуды бастады.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев желтоқсан айында ғимаратта Alem.AI. халықаралық жасанды интеллект орталығын құру бойынша Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ұсынған тұжырымдаманы мақұлдады.

Объектіні жаңа жобаға қайта бейіндеу барысында Сфера ғимаратында музей жабдықтары мен контентін бөлшектеу жұмыстары басталды. Осылайша, экспонаттарды сақтау мақсатында экспозициялардың негізгі бөлігі елдің ғылыми-білім беру мекемелері мен ағарту объектілеріне берілетін болады.

Алдағы уақытта жобаны іске асыру шеңберінде Сферада объектінің ішкі кеңістігін қайта жоспарлау бойынша жұмыстар жүргізілмек.

** Ақпараттық ашықтық және көпке таныту*

2024 жылы біздің жобаларымызды да, тұрақты даму, туризм және халықаралық бастамалар тақырыптарын да қамтыған 1100-ден астам материалды БАҚ-та, ресми сайтта және әлеуметтік желілердегі аккаунттарда жарияладық. Біз National Geographic Qazaqstan, «Қазақстан» РТРК» АҚ (Qazaqstan телеарнасы), «Хабар» агенттігі" АҚ (24KZ телеарнасы), «Egemen Qazaqstan» және «Казахстанская правда» газеттері, «Қазақпарат» халықаралық ақпараттық агенттігі, «Tengrinews» интернет-ресурсы" желілік басылымы, Zakon.kz желілік басылымы сияқты жетекші БАҚ-тармен, «Радио-телевидение Сербия» және басқалары сияқты халықаралық БАҚ-пен белсенді жұмыс істедік.

Қорытындылай келе, келесі жылға арналған мақсаттар мен міндеттер туралы ақпаратты бөліскім келеді. Өздеріңіз білетіндей, 2023 жылы Қазақстан EXPO 2025 Osaka дүниежүзілік көрмесіне қатысу шартына қол қойды.

Осы уақыт ішінде Компания 2025 жылға жоспарланған көрмеге дайындық жұмыстарын белсенді жүргізді. Ұйымдастыру комитетінің деректері бойынша ауқымды іс-шараға 160 ел мен 9 халықаралық ұйым қатысады, 28 млн-нан астам адам келеді деп болжанып отыр. Көрме 2025 жылдың 13 сәуірі мен 13 қазаны аралығында өтеді. Осы деңгейдегі іс-шараға арнайы дайындалған жасанды Юмешима аралы өткізілетін орын ретінде таңдалған. EXPO-ның басты тақырыбы - "Біздің өміріміз үшін болашақ қоғамын құру" - "Өмірді құтқару", "Құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту" және "Өмірді біріктіру" үш бағыт арқылы ашылады.

Сонымен қатар, Компания халықаралық диалог, инновациялар, мәдениет және қоғамдық өзара іс-қимыл алаңы ретінде EXPO іскерлік кешенінің аумағын дамыту жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Өз командама және әріпестеріме Компанияның қызметіне білдірген сенімдері, қолдаулары және және оның жұмысына белсенді қатысқаны үшін алғыс айтамын. Бірлесіп жұмыс істей отырып, EXPO - тұрақты дамудың, халықаралық ынтымақтастықтың және мәдени бірліктің символы болып қала беретін болашақты қалыптастырамыз.



2-бөлім. Компания туралы

"QazExpoCongress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 11 қаулысымен құрылды.

Компания қызметінің негізгі мәні – халықаралық мамандандырылған көрме аумағын көрмеден кейінгі пайдалану, сондай-ақ халықаралық көрмелерге қатысу.

Компанияның стратегиялық рөлі: имидждік мемлекеттік және халықаралық конгресс-көрме іс-шараларын өткізу; инновацияларды ынталандыру, қаржы және IT секторларын дамыту; EXPO-2017 бірегей мәдени мұра объектілерін сақтау, дамыту және пайдалану.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 955 "Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын "QazExpoCongress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы деп қайта атау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысына сәйкес "Астана ЭКСПО-2017" ҰК" АҚ 2020 жылғы 18 ақпанда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ болып қайта тіркелді.

Компанияның мемлекеттік тілдегі толық атауы – "QazExpoCongress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы ("QazExpoCongress" ҰК" АҚ), орыс тілінде - Акционерное общество «Национальная компания «QazExpoCongress» (АО «НК «QazExpoCongress»), ағылшын тілінде - «QazExpoCongress» National company» Joint Stock Company («QazExpoCongress» NC» JSC).

Компанияның атқарушы органының орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13 ғимарат.

Компания қызметінің негізгі түрлері:

- халықаралық көрмелерге, оның ішінде 1928 жылғы 22 қарашада Парижде жасалған Халықаралық көрмелер туралы конвенцияда көзделген көрмелерге қатысу;

- халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын Компанияның меншікті мүлкін жалға алу және басқару арқылы көрмеден кейін пайдалану;

- Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде конгресс-көрме, сауда-көрме іс-шараларын өткізу және ұйымдастыру.

- "Нұр - Әлем" сферасының жұмысын қамтамасыз ету.

Даму жоспары:

"QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2015-2024 жылдарға арналған даму жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі №203 қаулысымен бекітілген;

"QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2025-2034 жылдарға арналған даму жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 27 қарашадағы №1004 қаулысымен бекітілген.

КОМПАНИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢДЕР

2013 жылғы 15 қаңтарда

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы қаулысымен "Астана ЭКСПО-2017" ҰК" АҚ құрылды.

2017 жылғы 10 маусым мен 10 қыркүйек

аралығында Астана қаласында EXPO-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесі табысты өтті.

2017 жылғы 13 шілдеде

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 13 шілдедегі тапсырмасымен "Астана ЭКСПО-2017" ҰК" АҚ Қазақстан Республикасының EXPO 2020 Dubai Дүниежүзілік көрмесіне қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі жауапты орган болып тағайындалды.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап

Компания Мәскеу қаласындағы ХШЖК аумағында "Қазақстан" павильонын басқаратын "Қазақстан" сауда - көрме орталығы" корпоративтік қорының жалғыз құрылтайшысы.

2020 жылғы 18 ақпанда

"Астана ЭКСПО-2017" ҰК" АҚ "QazExpoCongress" ҰК" АҚ болып қайта тіркелді.

2018 жылғы 4 сәуірде

көрме объектілерін көрмеден кейінгі пайдалану тұжырымдамасы мақұлданды, оған сәйкес EXPO-2017 мұра объектілерін қайта жаңарту жүргізілуде.

2021 жылғы сәуірде

UFI Дүниежүзілік көрме индустриясы қауымдастығының құрамына кірді.

2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2022 жылғы 31 наурызға дейін

Қазақстан Республикасының EXPO 2020 Dubai дүниежүзілік көрмесіне қатысты.

2023 жылғы 8-9 маусымда

Астана Халықаралық форумы өтті. "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Іс-шараның техникалық операторы болып тағайындалды

2024 жылғы 16-17 қазанда

AIF қамқорлығымен алғашқы Think Tank Forum-ы өткізілді

2023 жылғы 6 қарашада

"QazExpoCongress" ҰК" АҚ Қазақстанда Messe Frankfurt компаниясының өкілдігін ашу туралы меморандумға қол қойылды

2023 жылғы 10 шілдеде

Қазақстан EXPO 2025 Osaka дүниежүзілік көрмесіне қатысу шартына қол қойылды

МИССИЯСЫ:

Қазақстан Республикасының оң беделін көпке таныту және оның EXPO әлемдік көрме объектілеріндегі сауда-экономикалық байланыстарын қолдау, сондай-ақ Қазақстанда бизнес пен іскерлік туризмді дамыту үшін экологиялық, жайлы және қауіпсіз орынжайларды, павильондар мен конгресс-көрме алаңдарын ұсыну

ПАЙЫМЫ:

халықаралық экономикалық интеграцияны қолдау, сондай-ақ MICE-туризмді дамыту үшін мемлекеттік және халықаралық деңгейде қажетті инфрақұрылым мен қызметтерді ұсынатын бәсекеге қабілетті және қаржылық тұрақты Компания. EXPO іскерлік орталығының аумағы бизнес жүргізетін беделді, елорда тұрғындары мен қонақтарының бос уақытын өткізетін экологиялық және қауіпсіз орынға айналады.

Қызмет бағыты

Қоғамды дамытудың 2015-2024 жылдарға арналған алдыңғы жоспарын іске асыру шеңберінде Компания үшін қызметтің негізгі бағыттары - EXPO-2017 мұрасын сақтау және көрме объектілерін одан әрі пайдалану. Осы мақсаттарды іске асыру үшін Компания EXPO объектілерін қайта жаңарту бойынша жұмыстар жүргізді. Көрме объектілерінің көп бөлігі кеңсе кеңістігі, сондай-ақ конгресс-көрме қызметіне арналған алаңдар болып қайта жаңартылды. Қайта жаңарту бағыты EXPO аумағында IT, қаржылық және конгресс-көрме қызметін дамыту орталығына айналуы тиіс заманауи іскерлік орталық құру жөніндегі миссияға байланысты таңдалды.

Осылайша, қаржы, білім беру, конгресстер мен көрмелер ұйымдастыру, сондай-ақ инновациялық салада озық тәжірибелер енгізуге ықпал ететін заманауи іскерлік кеңістік құру миссиясына сәтті қол жеткізілді. EXPO аумағы елорданың ажырамас бөлігіне және Қазақстанның экономикалық, білім беру және мәдени салаларын дамытудағы маңызды факторға айналды.

Сонымен қатар, бүгінде "EXPO" іскерлік орталығы АХҚО, Astana Hub және Astana IT University объектілерімен ұсынылған елорданың қаржы және IT саласын дамытудың орталық экожүйесіне айналды, бұл кәсіпкерлерді ғана емес, шығармашылық идеялары бар зияткерлік ресурстарды да тартуға мүмкіндік береді. Компания басқаруындағы объектілерді дамыту әлеуетін іске асыра алды. Бизнес орталығының объектілермен жүктемесі 100% - ға жетті, конгресс орталығы мен "EXPO" ХҚО-ның жүктелуі жылына шамамен 300 күнді құрайды.

Алайда, объектілердің жоғары жүктемесі, сондай-ақ бірегей техникалық және архитектуралық сипаттамалар жеделдетілген физикалық тозу факторына алып келетінін, бұл Компанияның алдағы уақытта объектілерге күрделі жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне, сондай-ақ оларды ұстауға жыл сайын шығынды арттыру шараларын қабылдауға әкелетінін атап өткен жөн.

Сондай-ақ, EXPO аумағы конгресс-көрме және мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу орталықтарының бірі болып табылады, жалпы алғанда оның аумағында 2021-2023 жылдар аралығында 380 іс-шара өткізілді, оның ішінде 150 конференция, Мемлекет басшысы мен Премьер-Министрдің қатысуымен форумдар мен съездер, сондай-ақ 230 мәдени-бұқаралық іс-шара өткізілді. EXPO аумағында "EXPO" ХҚО, КО, "Hilton" қонақ үйін қамтитын объектілердің кең бейіні бар, олар тек Астана қаласының ғана емес, жалпы Қазақстанның да оқиғалық MICE-туризмін дамыту үшін қажетті инфрақұрылымды құрайды.

Компания қызметінің тағы бір негізгі түрі - имидждік халықаралық іс-шараларды өткізу және EXPO халықаралық көрмелерінде Қазақстанды таныстыру болып табылады. Сонымен, Компания EXPO-2017 Astana негізгі операторы болды, сондай-ақ EXPO 2015 Milan, Expo 2016 Antalya, Expo 2020 Dubai халықаралық мамандандырылған көрмелерінде Қазақстанның павильондарын көпке танытты. Өткізілген көрмелер Компанияның осы бағыттағы жұмысының тиімділігі мен кәсібилігінің жоғары деңгейін көрсетті. Мәселен, соңғы EXPO 2020 Dubai көрмесінде алты ай ішінде ұлттық павильонға 1,6 млн-нан астам адам келді, соның арқасында қазақстандық павильон көрменің адамдар ең көп баратын ондықтың қатарына енді.

Компания бұл қызметті алдағы уақытта да жалғастыратыны сөзсіз. Ал қазіргі уақытта Қазақстанның EXPO 2025 Osaka дүниежүзілік көрмесіне қатысуы жоспарланып отыр.

Қазақстандық павильонды EXPO-2017 Astana көрмесінің мұрасы ретінде сақтау Компания алдында тұрған басты міндеттердің біріне айналды. Бұл міндетті Компания сәтті орындады, "Нұр-Әлем" сферасы жылына 300 мыңнан астам келушілерді тартатын Астана қаласының рәміздерінің біріне айналды.

Сондай-ақ, қаржылық залалсыздыққа шығу мақсатында Компанияның алдыңғы даму жоспарын іске асыру барысында Компанияның негізгі қызметіне тартылмаған жер учаскелері түріндегі активтер табысты іске асырылды.

Сонымен қатар, маңызды стратегиялық бағыт – Компанияның тұрақты дамуы. Осы бағытты іске асыру үшін Компания операциялық тиімділікті арттыру және шығындарды оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізді. Бұл Компанияға алдыңғы жылдардағы қолайсыз сыртқы экономикалық факторларға қарамастан, операциялық шығынға жол бермеуге және мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінбестен қызметін жалғастыруға мүмкіндік берді.

2015-2024 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру кезеңінің аяқталуына байланысты 2024 жылғы 27 қарашада Компания үшін жаңартылған миссия мен пайым айқындалған 2025-2034 жылдарға арналған жаңа даму жоспары (№1004 ҚРҰК) әзірленіп, бекітілді.


Компанияның жаңа миссиясы Қазақстан Республикасының оң имиджін ілгерілету және оның EXPO әлемдік көрме объектілеріндегі сауда-экономикалық байланыстарына жәрдемдесу, сондай-ақ Қазақстанда бизнес пен іскерлік туризмді дамыту үшін экологиялық, жайлы және қауіпсіз орынжайларды, павильондар мен конгресс-көрме алаңдарын ұсыну болып табылады.

Пайымына сәйкес, стратегиялық перспективада Компания 2034 жылға қарай MICE-туризмді дамыту үшін мемлекеттік және халықаралық деңгейде қажет болатын инфрақұрылым мен қызметтерді ұсына отырып, халықаралық экономикалық интеграцияны қолдайтын, бәсекеге қабілетті және қаржылық орнықты компанияға айналады. EXPO іскерлік орталығының аумағы бизнес жүргізетін және іскерлік туризмді дамытатын, елорда тұрғындары мен қонақтарының бос уақытын өткізетін қауіпсіз, экологиялық таза керемет орынға айналады.

Компанияның миссиясы мен пайымы негізінде қызметтің үш стратегиялық бағыты анықталды:

- 1) ұлттық экономиканың өсуін қолдау;
- 2) Қоғам қызметін тиімді басқару;
- 3) тұрақты даму;

Әрбір стратегиялық бағыт бойынша 6 стратегиялық мақсат, 11 міндет және ҚНҚ айқындалды, оларға қол жеткізу кезінде Компания елдің экономикалық өсуі мен дамуына, азаматтардың әлауқатын жақсартуға, қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге, іс-шаралар портфелін ұлғайтуға және әртараптандыруға, елдің сауда-экономикалық байланыстарына қолдау көрсетуге, операциялық тиімділікті арттыруға және орнықты дамуға қол жеткізе алады.





3-бөлім.

Негізгі бағыттар бойынша қызмет нәтижелері

Компанияның халықаралық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету

"Өмірді құтқару", "Құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту" және "Өмірді біріктіру" тақырыпшаларынан тұратын «Designing future society for our lives» - "Біздің өміріміз үшін болашақ қоғамын құру" тақырыбындағы алдағы EXPO 2025 Osaka дүниежүзілік көрмесі 2025 жылғы 13 сәуір мен 13 қазан аралығында Жапонияда өтеді. Көрме өтетін орын ретінде жалпы ауданы 155 га болатын Юмешима жасанды аралы (Осака қ.) белгіленді. Ұйымдастыру комитетінің тіркеу деректеріне сәйкес көрмеге 150 ел мен 25 халықаралық ұйым қатысады, келушілердің болжамды саны 28,2 млн. адамды құрайды.

2021 жылғы 5 маусымда Сыртқы істер министрлігі Қазақстанның EXPO 2025 Osaka дүниежүзілік көрмесіне қатысқанын растады, 2023 жылғы 10 шілдеде көрмеге елдің қатысу шартына қол қойылды. Мемлекет басшысының 2023 жылғы 2 наурыздағы тапсырмасына сәйкес "QazExpoCongress" ҰК" АҚ алдағы EXPO 2025 Osaka көрмесіне елдің қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі техникалық оператор болып айқындалды.

2023 жылғы 3 мамыр – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қоғам Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Д.К. Еркимбаев – Көрмедегі секцияның бас комиссары болып тағайындалды.


Бастапқыда Қазақстан павильонының "Өмірді құтқару" тақырыптық аймағында алаңы 1 мың шаршы метр учаскеде орналасатыны жоспарланып, Қазақстан павильонының дизайн жобасы әзірленді.

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 16 сәуірдегі жойқын су тасқынының зардаптарын жоюға байланысты, EXPO 2025 Osaka көрмесіне қатысу шығындарын қысқарту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Қоғам "А" үлгісіндегі павильонды дербес салудан бас тарту және EXPO ұйымдастырушысының павильонды немесе орынжайды жалға беру мәселесін пысықтады.

Өз кезегінде Жапон қауымдастығы жалпы ауданы 75,19 ш.м. "С" үлгісіндегі павильонға орналасу нұсқасын ұсынды.

Ал 2024 жылғы қыркүйекте "С" үлгісіндегі павильонға қатысу шарты бойынша өзара түсіністік туралы меморандум жасалды. Аталған жылдың қарашасында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Жұманғарин Қазақстанның "С" үлгісіндегі павильонына арналған көрме кеңістігінің тұжырымдамасын бекітті.

Павильонның негізгі идеясы - мәдениеттер мен халықтардың бірлігін бейнелейтін шаңырақ символикасы арқылы "Өмірлерді біріктіру" тақырыбын ашу. Тұжырымдама төрт негізгі аймақты қамтиды: «Connecting the Legacy», «Connecting People», «Connecting Opportunities» және «Connecting Lives». Павильон философиясы үш: толеранттылық, бірлік және әлеует қағидаларына негізделген.



Қазақстан Республикасы павильонының мазмұны


1-аймақ- Тарих және Мұра

Қазақстан картасы түріндегі 3D-мэппинг қолданылған интерактивті экспонат ел тарихының, мәдениеті мен дәстүрлерінің негізгі кезеңдерін бейнелейді. Экспозиция сақтар, Алтын адам, қазақ хандары, Алтын Орда және Жібек жолы дәуірлерін, сондай-ақ Абай Құнанбаевтың мұрасын қамтиды. Сондай-ақ олимпиадалық жеңістер мен танымал спортшыларды қоса алғанда, Қазақстанның әлемдік спорттағы жетістіктеріне назар аударылды.




2-аймақ-Байланыс және Бірлік

Аймақ цифрлық интерактивті қондырғы арқылы адамдар мен мәдениеттердің бірігуін білдіреді. Келушілер терминалдың алдында суретке түседі, содан кейін олардың суреттері имек проекциялық экранда қосылатын бөлшектерге айналады. Киіз үй мен шаңырақ призмасы арқылы "Өмірлерді біріктіру" тақырыбын және "Kazakhstan. Born Bold" ұранының мәнін ашатын бейне шоу көрсетіледі. Контент Қазақстанның батыс пен шығыс арасындағы стратегиялық көпір ретіндегі рөлін атап көрсетеді, сондай-ақ орнықты даму, жасыл технологияларға көшу және электр энергетикасын дамыту тұжырымдамаларын қамтиды.



3-аймақ-Әлеует және Болашақ

Аймақ Қазақстанның заманауи пайымы мен стратегиялық дамуын білдіреді. Интерактивті мониторлар келушілерге елдің негізгі салалары: экология (флора, фауна, қорықтар), ресурстар, туризм (көрнекті орындар), инновациялар (инвестициялық жобалар) және экономика (экспорт, импорт) туралы мультимедиялық мазмұнды іске қосу арқылы өздерін қызықтыратын тақырыптарды таңдауға мүмкіндік береді.



4-аймақ-Медицинадағы инновациялар

Соңғы аймақ ағзаларды трансплантациялау және оқшауланған органдарды емдеу саласындағы инновациялық жетістік – ALEM (Astana life Ex-situ Machine) инновациялық құрылғысын көрсетеді. Жетекші қазақстандық медициналық зерттеушілер мен инженерлер әзірлеген ALEM донорлық органдарды оқшауланған органда қажетті араласулар мен мақсатты емдеу жүргізу мүмкіндігімен 24 сағаттан артық сақтауға мүмкіндік береді. Бұл жаңалық регенеративті медицинада өмірді құтқару мүмкіндіктерін кеңейтетін жаңа дәуірді белгілейді.



Сондай-ақ, қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, EXPO аясында қатысушы елдер ұлттық күндерін өткізеді. Қазақстан Республикасының Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орайластырылған ұлттық күні 2025 жылғы 10 тамызда өтеді.

Еліміздің ұлттық күні аясында Қазақстан Республикасының туын көтерудің ресми рәсімі, сондай-ақ қазақстандық өртістердің қатысуымен этно-концерт пен шеру өткізу жоспарланған.

Компанияның халықаралық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету

Компания 2024 жылы мынадай халықаралық шараларға қатысты:

1. 2024 жылғы 15 сәуір – 5 мамыр Қытай Халық Республикасының Гуанчжоу қаласында өткен Кантон жәрмеңкесінің 135-ші сессиясына қатысты.

Қытай мен Қазақстан арасындағы қоғамдық танымалдылық, өзара сапарлардың, сауда көрмелерінің, іскерлік сапарлардың және консультациялардың негізгі объектілердегі ынтымақтастықты нығайту үшін "Қытай сыртқы сауда орталығы мен Қоғам арасындағы ынтымақтастық туралы" меморандумға қол қойылды.

2. 2024 жылғы 5-8 маусымда Санкт-Петербург қаласында (Ресей) XXVII Санкт-Петербург Халықаралық экономикалық форумына қатысу.

2021 жылғы 03 қыркүйекте "Росконгресс" қорымен меморандум жасалды. Меморандумның мәні - "QazExpoCongress" ҰК" АҚ мен "Росконгресс" қорының Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының сараптамалық қоғамдастықтары, іскер топтары арасында тиімді коммуникацияны жолға қою саласындағы ынтымақтастығы.

3. 2024 жылғы 25-26 маусымда Жапония қауымдастығы Нара қаласында (Жапония) EXPO 2025 Osaka дүниежүзілік көрмесін ұйымдастыру бойынша ұйымдастырған 2024 ХҚМ (Халықаралық қатысушылар мәжілісі) қатысу.

4. 2024 жылғы 5 қыркүйекте Белград қаласында Қазақстан-Сербия сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының III отырысына қатысу.

Қатысушылар EXPO 2017 Astana көрмесін сәтті өткізу қорытындыларын бөлісті және қатысушыларды көрме кешенінің қазіргі мәртебесімен таныстырды. Сондай-ақ, Компанияның көрмелерді өткізу және оған қатысу тәжірибесімен алмасу және оны көрмеден кейінгі пайдалану бөлігінде ынтымақтастыққа дайындығы туралы айтылды. Сонымен қатар, кездесу аясында тараптар Сербия мен Қазақстанда өткізілетін түрлі көрмелердің мәселелерін талқылады және олар екі елдің компанияларына өздерін сербиялық және қазақстандық нарықтарда жақсырақ орналастыруға нақты мүмкіндік беретінін атап өтті. Мұндай іс-шаралар екі елдің экономикасына әлемдік экономикалық және сауда лектеріне неғұрлым тереңірек қосылуы үшін компаниялардың экспорттық және инвестициялық көрсеткіштерін күшейтуге мүмкіндік береді.

5. 2024 жылғы 7-8 желтоқсанда Doha Forum 2024-ке қатысу, Доха қ. (Катар мемлекеті) Doha Forum 2024 конференциясы аясында Astana International Forum (AIF) бойынша панельдік сессияға қатысып, осындай іс-шараларды өткізу тәжірибесімен алмасу шаралары өткізілді.

Халықаралық ынтымақтастық, ХҚБ-мен өзара іс-қимыл

2024 жылғы 30 қаңтарда Компания Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Даулет Еркимбаев пен қытай сыртқы сауда орталығының қаржы директоры Ма Фэнминь бастаған Қытайдан келген делегацияның қатысуымен кездесу өткізілді.

Кездесу аясында тараптар екі елдің көрме индустриясы саласындағы ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл мәселелері мен алдағы жоспарларын, оның ішінде Қазақстанда, атап айтқанда EXPO халықаралық көрме орталығының алаңында салалық көрмелер өткізу мүмкіндігін талқылады.

2024 жылғы 18 сәуірде Қытай мен Қазақстан арасындағы қоғамдық ілгерілеудің, өзара сапарлардың, сауда көрмелерінің, іскерлік сапарлардың және консультациялардың негізгі объектілердегі ынтымақтастықты нығайту үшін "Қытайдың сыртқы сауда орталығы мен Компания арасындағы ынтымақтастық" меморандумына қол қойылды.

Сонымен қатар, Компания Қазақстанда MICE-туризмді дамытуда жаңа мүмкіндіктер ашады.

Осылайша, әлемдегі ең ірі халықаралық көрме концерндерінің бірі, германдық Messe Frankfurt GmbH Қазақстанда өз өкілдігін ашты.

800 жылдан астам тарихы бар неміс компаниясы филиалының бас кеңсесі Астана қаласында, EXPO іскерлік кешенінің аумағында орналасқан. Қазақстаннан басқа, ол Орталық Азия елдерінде – Өзбекстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда және Түрікменстанда мүдделерін білдіретін болады.

Ірі халықаралық көрме ұйымдарының бірімен ынтымақтастық қазақстандық компанияларға әлеуетті әріптестер мен клиенттерді тарту бойынша өз мүмкіндіктерін кеңейте отырып, жаһандық халықаралық нарықтарда өз тауарлары мен қызметтерін көпке танытуға мүмкіндік береді.

Жылына 100-ден астам халықаралық іс-шаралар өткізетін және бүкіл әлем бойынша 30 филиалы бар Messe Frankfurt GmbH-пен әріптестік еліміздің қабылдаушы тарап ретіндегі мәртебесін барынша арттыра отырып, Қазақстанда да ауқымды көрмелер өткізуге мүмкіндік береді.

Астанадағы EXPO іскерлік кешенінің аумағында Messe Frankfurt филиалының кеңсесін ашу Компания мен Messe Frankfurt арасында 2023 жылдың соңында қол қойылған меморандум шеңберіндегі алғашқы қадам болып табылады.

Халықаралық БАҚ-пен жұмыс жасау арқылы Көрме мұрасын танымал ету

National Geographic Qazaqstan журналының шілде айындағы санында "EXPO іскерлік кешені: Қазақстандағы бизнес пен мәдениетке арналған негізгі хаб" тақырыбындағы мақала жарық көрді.

EXPO іскерлік кешенінде 8 қазан күні мемлекеттік «Сербия радиотеледидары» (РТС) үшін Компания, «Астана» халықаралық қаржы орталығы, Astana Hub IT-старттаптарының халықаралық технопарк және Astana IT University спикерлерінің түсірілімі мен сұхбаты ұйымдастырылады. Материал 13 қазанда «Астана после ЭКСПО – что получила столица Казахстана и превзошли ли ожидания» деген тақырыппен шықты.

Іскерлік іс-шаралар

2024 жылғы 16-17 қазан аралығында "Hilton Astana" қоңақ үйінің алаңында Компания AIF қамқорлығымен алғашқы Think Tank Forum-ын ұйымдастырып, өткізді.





Форум аясында Мемлекет басшысының және халықаралық ұйымдардың қатысуымен пленарлық отырыс өткізілді, Форумның негізгі бағыттары бойынша 9 панельдік сессия ұйымдастырылды.

Форумға зерттеу және талдау орталықтарының басшылары, халықаралық ұйымдардың басшылары қатысты.

Форумға 1000 адам қатысты.



2024 жылғы 13 маусымда Компания ҚР Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Жұманғариннің тең төрағалығымен АҚШ және Орталық Азия сауда және инвестициялар жөніндегі негіздеделік келісім кеңесінің (TIFA) XV отырысын ұйымдастырды. Отырысқа Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан, АҚШ сияқты елдердің өкілдері қатысты.

Жыл сайын бұл отырыс TIFA-ға мүше елдердің бірінің аумағында өтеді. 2024 жылы Қазақстан АҚШ-қа Астана қаласында Орталық Азия елдері мен АҚШ арасында сауда және инвестициялар жөніндегі кеңестің (TIFA) келесі отырысын өткізуді ұсынды.

TIFA кеңесінің негізгі бағыты - Америка Құрама Штаттары мен Орталық Азия елдері арасындағы, сондай-ақ аймақтағы басқа елдер арасындағы сауда және инвестициялық байланыстарды нығайту.



Бұдан басқа, 2024 жылы Қазақстан экспорттаушыларының форумы және Қытай сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі конференция, "Қазақстан-Қырғызстан" бизнес-форумы, "Қазақстан-Өзбекстан" бизнес-форумы, "Қазақстан-Ауғанстан" бизнес-форумы және әртүрлі ел делегацияларымен түрлі іскерлік кездесулер ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, 26 ақпанда Компания мен елорда туроператорлары Астана қаласында туризмді дамыту мен насихаттаудағы Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжатқа Қазақстанның Қытайдағы туризм жылы аясында қол қойылды.

Тараптар Қазақстан мен Қытай арасындағы туристік ағынды арттыруға, әсіресе ел астанасына туристер санын көбейтуге келісімге келді.

Астана халықаралық форумы

Қазақстанның бірқатар өңірлеріндегі су тасқыны бойынша жағдайдың ауырлағанына байланысты 2024 жылы Астана халықаралық форумын өткізуді тоқтату және оның жұмысын 2025 жылы қайта бастау туралы шешім қабылданды.

Мәскеу қаласындағы ХШЖК-дағы "Қазақстан" сауда-көрме орталығы

ХШЖК-дағы "Қазақстан" павильоны 2021 жылдың соңында ашылды. Мәскеу қаласындағы "Қазақстан" сауда-көрме орталығы қызметінің мақсаты - жаңа ғылыми-техникалық жетістіктерді, даму перспективаларын көрсету, сондай-ақ павильонға келушілерді қазақ халқының тарихымен, дәстүрлерімен, мәдениетімен және тұрмысымен таныстыру.

Павильон "Мәскеу реставрациясы - 2021" дипломының иегері атанды, "Құрылыс саласындағы ең үздік іске асырылған жоба" байқауының "Заманауи пайдалануға арналған мәдени мұра объектісін реставрациялау және бейімдеу", "Белсенді азаматтардың нұсқасы бойынша ең үздік реставрация объектісі" номинациялары бойынша жеңімпаз болып танылды.

Павильонға 2022 жылы өткізілетін іс-шараларды қалпына келтіруге және белсенді интеграциялауға қосқан үлесі үшін алтын белгі берілді, мерекелік іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін Мәскеу қ. ХШЖК алғыс хаттарын алды.

Тақырыптық 30 стенд жаңартылды және Қазақстан Республикасы Ұлттық павильонынан (Дубай қ.) 3 экспонат көшірілді Павильон Қазақстанның мәдени мұрасын да, заманауи жетістіктерін де белсенді түрде көрсетуді тоқтатқан жоқ.

Бүгінгі таңда "Қазақстан" павильоны өте танымал және Мәскеу, РФ қалаларындағы ХШЖК аумағында келушілері ең көп 10 павильонның қатарына кіреді (анықтама: 2022 жылы Павильонға 837 мыңнан астам адам, 2023 жылы - 1 250 мың адам, 2024 жылы - 1 080 мың адам келді).

Кино-конференц-залды, атриумды, кеңсе мен сауда алаңдарын жалға беру жұмыстары 2024 жылы жалғасып, табыстың өсуіне ықпал етті. Сондай-ақ танымал қазақстандық Adili брендінің сауда нүктесі мен Umai мультибрендтік шоурумының ашылуы ұйымдастырылды.

"Россия" халықаралық көрме-форумы шеңберінде іс-шаралардың Жол картасы іске асырылды (2023 жылғы 4 қарашадан 2024 жылғы 12 сәуірге дейін).

2024 жылы қазақ мәдениеті мен тілін насихаттауға баса назар аударылды. Негізгі іс-шаралардың арасында мыналар бар:

- домбыра сабақтары және ұлттық домбыра күнін мерекелеу;
- қазақ тілі сабақтары;



- "Тоғызқұмалақ" ойыны, "Киіз басу" қолданбалы өнері бойынша шеберлік сабақтары;
- «Тақия Fashion» сән фестивалі;
- "Менің үлкен отбасым" халықаралық балалар шығармашылығы фестивалі;
- "Қаңтар" фильмінің жабық көрсетілімі;
- Қазақстан халықтарының аспаздық дәстүрлері фестивалі;
- Жеңіс күніне, Қазақстан Республикасы күніне арналған концерттер мен іс-шаралар;
- Халықаралық мәдениет, сән және ұлттық қонақжайлылық фестивалі;
- шетелдік қонақтарға арналған ұлттық тағамдар бойынша шеберлік сабағы;
- Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясы елшілігінің қолдауымен Қазақ киносының күндері өткізілді.

2025 жылға арналған алдағы міндеттер:

- туристерді тарту және Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттау жөніндегі іс-шараларды іске асыру;
- гастрономиялық фестиваль, шеберлік сабақтары, қазақ тілі сабақтарын өткізу;
- жалға алуға жарамды алаңдарды коммерцияландыру;
- Қазақстан Республикасы Елшілігімен және Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп Қазақстандық көркем және деректі фильмдердің көрсетілімдерін ұйымдастыру.

"Нұр-Әлем" сферасының іс-шараларын ұйымдастыру және қызметін қамтамасыз ету

"Нұр-Әлем" сферасының алаңында 2024 жылы коллекционер-этнограф Бахаргүл Төлегеннің "Жауһар жәдігер" көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде бірнеше ғасырлық тарихы бар үлкен мәдени құндылықты бейнелейтін 1000 экспонат қойылды. Олардың барлығы Орта Азия мен қазақ халқының сирек кездесетін және құнды бұйымдары. Көрмеде б.з.д. III-І ғасырлардағы Кушан патшалығының археологиялық артефактілері мен VI-XII ғасырлардағы тарихи құнды заттарды көруге болады.

Наурыз мейрамы аясында Болашақ энергиясы музейінде "Наурыз" мюзиклін орындаған этно-ансамбльдердің, би ұжымдарының және театр труппасының қойылымдары өтті. Сонымен қатар, музей алаңында қазақ палуаны Сергей Цырульниковтің қатысуымен күш изометриясы, киізден картиналар жасау және қолдан кілем тоқу бойынша шеберлік сабақтары өтті. Қолөнершілер кәдесыйларды, киімдерді, қолдан жасалған ыдыстарды және т.б. ұсынды.

Сонымен қатар, дәстүрлі мерекелік тағамдар – Наурыз көже мен бауырсақ ұсынылды.



1 маусымда Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Компания елорданың жас тұрғындары үшін көптеген қызықты және танымдық іс-шаралар ұйымдастырды. Мерекеде Музей балаларға есігін тегін ашты. Музей балаларға экспонаттар, интерактивті қондырғылар және виртуалды әлем аймақтары арқылы жасыл технологиялармен танысудың бірегей мүмкіндігін ұсынды.

Сонымен қатар, Музейде "Бақытты балалық шақ" мерекелік концерті өтті. Сахнада "Көркем-ай", "Тұмар", "Бастау" хореографиялық ансамблі сияқты балалар шығармашылық ұжымдары, сондай-ақ жас солистер Ақмарал Дәулет пен Гүлназ Ермекова өнер көрсетті.

6-8 шілде аралығында Елорданың туған күнінде Музейде қолөнершілер жәрмеңкесі, түрлі шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, тамаша өткізілді.





Президент Қасым-Жомарт Тоқаев желтоқсан айында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Alem AI халықаралық жасанды интеллект орталығын құру бойынша ұсынған тұжырымдамасын мақұлдағанын атап өткен жөн. Осыған байланысты, 22 желтоқсаннан бастап Музей келушілерді қабылдауды аяқтады, содан кейін жаңа жоба бойынша қайта жаңарту жұмыстары басталды.

Конгресс-орталық, "EXPO" халықаралық көрме орталығы

Конгресс-орталықта халықаралық форумдар, конференциялар, ресми жиындар, сондай-ақ спорттық және мәдени іс-шараларды өткізуге арналған ауқымды мүмкіндіктер қарастырылған. Жалпы ауданы 42 542,9 шаршы метрді құрайды, Объектінің 3 қабаты, сондай-ақ 179 м/орынға есептелген жерасты автотұрағы бар.

Жалпы ауданы 3000 шаршы метр болатын негізгі зал кеңістікті өзгертуге және декорацияларды жылжытуға мүмкіндік беретін телескопиялық орындықтармен жабдықталған.

Негізгі залдың жалпы сыйымдылығы: 2 102 орын.

Іс-шараларды өткізу күнтізбесіне сәйкес 2024 жылы Конгресс-орталықта 72 іс-шара өткізілді.

Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының қатысуымен 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған концерт өтті.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қатысуымен Цифрлық инклюзия және трансформация жөніндегі Азия-Тынық мұхиты министрлік конференциясы өткізілді.

Басқа да ірі іс-шаралар: "Қазақстан-Башқұртстан" бизнес-форумы (Башқұртстан Республикасының басшысы – Р.Ф. Хабировтың қатысуымен), Балдық билер чемпионаты, Қазақстан мен Қытай бизнес капитандарымен дөңгелек үстел (С.М. Жуманғарин, сондай-ақ А.А. Шаққалиевтің қатысуымен), Қытай-Қазақстан сауда-экономикалық ынтымақтастық конференциясы, Еуразиялық халықаралық кітап көрмесі, ҚХР Мемлекеттік Кеңесі Премьер-Министрінің орынбасары Лю Гочжунның сапары,



Қазақ-Қытай Іскерлік кеңесінің отырысы (Р.В. Склярдың қатысуымен), Қытай-ШЫҰ БАҚ дөңгелек үстелінің отырысы, "Биология бойынша 35-олимпиада" іс-шарасы (Ғ.Б. Бейсембаевтың қатысуымен), шахматтан Fide клубтық әлем чемпионаты, Қазақстан-Өзбекстан Іскерлік кеңесінің отырысы, ICPC чемпионатының жабылу салтанаты, Қазақ-Қытай іскерлік кеңесінің отырысы (Р.В. Склярдың қатысуымен), Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне арналған конференция отырысы (А.Ж. Жұмағалидың қатысуымен), сондай-ақ Респираторлық медицина конгресі өтті.

Сонымен қатар, В. Пресняков, Баста, С.С. Catch, Мирас Жугунусов, "Ninety One", Тұрар, Алексей Чумаков, Леонид Агутин, Максим, Kaliforniya, Sadraddin, АBBIA сияқты отандық және шетелдік орындаушылардың қатысуымен концерттер өткізілді.

Халықаралық көрме орталығы (бұдан әрі – ХКО) - ірі халықаралық және ұлттық көрмелер, конгресстік іс-шаралар және басқа да ауқымды іс-шаралар өткізуге арналған көпфункционалды бизнес-арена. Жалпы ауданы 22 589,1 шаршы метрді құрайды.

Көрме павильоны заманауи байланыс құралдарымен, инженерлік желілермен және ыңғайлы кірме жолдармен жабдықталған. Павильонның техникалық жағы құрылыс салушыларға стандартты және эксклюзивті көрме стендтерін орнатуға мүмкіндік береді.

Көрме залы 11 844,8 шаршы метр және оның бірегейлігі сол - бірде бір бағансыз салынған, бұл кез-келген қиындықтағы іс-шараларды ең жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік береді.

Іс-шараларды өткізу күнтізбесіне сәйкес 2024 жылы ХКО-да 42 іс-шара өткізілді

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қатысуымен "WorldSkills Kazakhstan 2024" республикалық кәсіби шеберлік чемпионаты өтті.

Қазақстан астанасында 25-28 шілде аралығында EXPO халықаралық көрме орталығында Comic Con Astana III халықаралық фестивалі өтті.

Comic Con Astana - комикстер, кинематография, бейне ойындар, аниме және қазіргі заманғы танымал мәдениеттің өзге де бағыттарына арналған фестиваль.

Басқа да ірі іс-шаралар: "Наурыз-2024", "KIOSH 2024" - Қазақстандық халықаралық еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі конференция, Өңдеуші өнеркәсіптің "Өңдеу Expo", "Kazakhstan Machinery Fair" халықаралық көрмесі, "Automechanika Astana" көрмесі, Орталық Азия және АҚШ үкіметтері арасындағы сауда және инвестициялар жөніндегі кеңестің (TIFA) 15-ші отырысы, "Comic Con Astana 2024" заманауи поп-мәдениет фестивалі, "Қазақстандағы Қытай тауарларының 19-шы көрмесі, "ICPC World Finals Astana" спорттық бағдарламалау бойынша әлем чемпионаты, Республикалық кәсіби шеберлік чемпионаты "WorldSkills Kazakhstan 2024", "KAZTRAFFIC-2024" XX Халықаралық көрмесі және т.б. өткізілді.



Мәдени іс-шаралар

EXPO кешенінің аумағында 2024 жылғы 21-22 наурыз аралығында "Наурыз мейрамы" ұйымдастырылды. Мереке құрметіне аумақта түрлі-түсті декорациялары мен бірегей ойын-сауық бағдарламасы бар үлкен этно-ауыл ұйымдастырылды.

Мәдени-ойын-сауық бағдарламасында би, музыкалық ұжым, этно-ансамбль, домбырашылар ансамблі және басқа да әртістердің қойылымдары қамтылды.

Әр түрлі ұлттық ойындар: асық ату, арқан тарту, сондай-ақ спорттық жарыстар-футбол фристайлы, садақ ату сайыстары және төрт дүркін әлем рекордшысы, Гиннесс кітабының рекордшысы мен Қазақстанның алты дүркін рекордшысы Сергей Цырульниковтің қатысуымен садақ ату және күш изометриясы өткізілді.

EXPO іскерлік орталығының аумағында 2024 жылғы жазғы кезеңде Компания ұйымдастырған 10 тегін OPEN-AIR концерттері өткізілді. Бұл жерде қазақстандық эстрада жұлдыздары Дастан Оразбеков, Қайрат Баекенов, Маржан Арапбаева және Мирас Жүгінісовтің концерттері, «Группа 101» жеке концерті, "Елорда әуендері" концерттері, этно-фестиваль, DJ және рок фестивальдері, инклюзивті балалар өнер көрсеткен "Жұлдызай" қайырымдылық қорының шығармашылық фестивалі өтті.

Сонымен қатар, тегін негізде EXPO аумағында "кіші сахнада" 26 қойылым ұйымдастырылды. Онда әнші Клавдия мен Керим, Famos және DYBYS топтары сияқты жас және өте талантты орындаушылар көрермендерге өз өнерлерін паш етті.

Концерттерге қатысқан адамдардың жалпы саны шамамен 74 мың адамды құрады.

Сондай-ақ, EXPO іскерлік орталығының жазғы сахнасында салауатты өмір салтын қолдау және қала тұрғындары арасында фитнесі насихаттау үшін "Жаңа адамдар" жастар фестивалі, "Йога таңы!» жаттығу іс-шарасы, жануарларға қамқорлық жасаудың маңыздылығын және олардың адам өмірі мен мінезіне оң әсерін көрсетуді мақсат еткен "Кел көмектесейік" қайырымдылық фестивалі ұйымдастырылды.

2024 жылдың жазғы кезеңінде EXPO аумағында жәрмеңке форматындағы "Garage Fest", "БайSpace" іс-шаралары өткізілді.

Жәрмеңкеде ұлттық әшекейлер, декор элементтері, эко сөмкелер, қолдан жасалған шамдар, ойыншықтар және т.б. ұсынылды.

Garage Fest жәрмеңкесі - жобаға қатысу қосымша табыс табуға мүмкіндік беретін, жас кәсіпкерлерді, зейнеткерлерді, мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдауға арналған әлеуметтік жоба. "БайSpace" көрмесіне 60-тан астам кәсіпкерлер мен шеберлер қатысты.

Жәрмеңкеде ұлттық зергерлік бұйымдар, этно және заманауи дизайнерлік бұйымдар, атап айтқанда бас киімдер, киім, декор элементтері, эко-сөмкелер, қолдан жасалған шамдар, ойыншықтар және т.б. ұсынылды. Ең маңызды оқиға жазғы сахнада әртістердің өнер көрсетуі болды.



Өзіміздің іс-шаралар:

Ағымдағы жылдың 16-18 тамыз аралығында "EXPO" ХКО алаңында Компания 80 мыңнан астам адам қатысқан "Kids EXPO. Балалар.әлемі" балалар тауарлары көрме-жәрмеңкесін (бұдан әрі – Жәрмеңке) ұйымдастырды.

Жәрмеңке бір алаңда отандық тауар өндірушілер мен компаниялардың, кітап, кеңсе, тоқыма, білім беру және ойын-сауық индустриясының, балалар мен олардың ата-аналарына арналған тауарлар мен қызметтердің 70-ке жуық қатысушысын біріктірді.

Жәрмеңкеге қатысқан компаниялар өз өнімдерін төмендетілген бағамен сатып (олардың стендтері арнайы белгімен белгіленді), мектепалды дайындық кезеңінде халыққа қолдау көрсетті.

Сондай-ақ, Жәрмеңке аясында EXPO халықаралық көрме орталығының алаңында концерттер, сән көрсетілімдері және түрлі шеберлік сабақтары өтті.

Биылғы Жәрмеңкенің ерекшелігі "Білім жолында" қайырымдылық акциясын өткізу болды. Ұйымдастырушылардың шақыруын аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларды мектеп рюкзактарымен және кеңсе керек-жарақтарымен қамтамасыз еткен кәсіпкерлер қабыл алды.

Сонымен қатар, "QazExpoCongress" ҰК" АҚ басшылығы мен қызметкерлері шетте қалмады. Олар қаражат жинап, жиналған қаражатқа балаларға рюкзактар мен кеңселік керек-жарақтар сатып алуды қамтамасыз ету бойынша





көмек көрсетті.

"Kids EXPO. "Балалар әлемі" көрме-жәрмеңкесі бір алаңда балаларға арналған тауарлар мен қызметтердің кең спектрін сәтті біріктіріп, қала үшін маңызды оқиғаға айналды.

Сондай-ақ, Компания ыңғайлы қоғамдық кеңістікті қамтамасыз ету және жасөспірімдердің, оқушылардың және қала тұрғындарының жаппай бос уақытын дамыту мақсатында EXPO аумағында жазғы кезеңде роллердромы бар және қысқы кезеңде мұз айдынына айналатын бос уақыт өткізу кешенін ұйымдастырды.

EXPO аумағы жаңа жылға гирляндармен безендіріліп, "Маржан" жарықтандырылды, жұлдыздар мен сыйлық қораптары түріндегі шағын сәулет нысандары, түрлі арт объектілер орнатылды. Белсенді дене қимылдары үшін мұз сырғанақтары, квадроциклдер және карусель орнатылды.



EXPO 2020 Dubai дүниежүзілік көрмесінде ҚР Ұлттық павильоны жобасының ақпаратпен сүйемелденуі және презентациясы

27-29 ақпан аралығында Біріккен Араб Әмірліктерінде Іскерлік кеңестің отырысы және қазақстандық кәсіпорындардың сауда-экономикалық миссиясы өтті. Қазақстанның бизнес-делегациясын Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев басқарды.

БАӘ-де отандық тауарлар мен қызметтердің тартымдылығын арттыру және ілгерілету үшін Дубайдағы EXPO-дағы ұлттық павильонда QazTrade, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция Министрлігінің, Қазақстанның БАӘ-дегі Елшілігінің көмегімен Қазақстанның сауда үйі ашылды.

Бұл алаң Қазақстан мен БАӘ-нің бизнестоптарын біріктіріп, сауданы одан әрі дамыту үшін, сондай-ақ АТ, мұнай сервисі саласындағы бірлескен жобалар үшін берік іргетас құрды.



Павильонның инфрақұрылымы кәсіпкерлерге 2024 жылдың соңына дейін өтеусіз негізде берілді. Сауда үйінің бірінші қабатында қазақстандық тауарлардың шоу-бөлмесі орналасқан. Екінші қабатта Qaz Steppe Innovation Hub коворкингі іске қосылды, онда Қазақстанның озық стартап-жобалары ұсынылды.

"Нұр-Әлем" сферасының қызметі туралы ақпарат және оны көпке таныту

Қызметті ақпараттық жағынан танымал ету шеңберінде (іс-шаралар, музейдің контенттік мазмұны, медиа қасбеттің контенттік мазмұны және т.б.) БАҚ пен интернет-қауымдастықтарда 50-ден астам материал жарыққа шықты.

Сондай-ақ, есепті кезеңде маркетингтік және PR таныту мақсатында Компания объектілерінде және EXPO іскерлік кешенінің аумағында, оның ішінде музейде өткен іс-шаралар афишаларын әзірледі.

Сонымен қатар, Facebook, Instagram, Telegram және Twitter әлеуметтік желілеріндегі Компанияның ресми сайтында және аккаунттарында музей туралы плакаттар, материалдар жарияланды. Сонымен қатар, EXPO ХКО Led-экранында көрсетілген бейнеролик дайындалды.

EXPO кешені объектілерін ақпараттық ілгерілету шеңберінде республикалық телеарналар мен Музейдегі түрлі ұйымдарға түсірілім ұйымдастыруға көмек көрсетілді.

Естеріңізге сала кетсек, желтоқсан айында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Alem.AI халықаралық жасанды интеллект орталығын құру бойынша ұсынған тұжырымдаманы мақұлдады. Осыған байланысты, 22 желтоқсаннан бастап Музей келушілерді қабылдауды аяқтады, жаңа жоба бойынша қайта жаңарту жұмыстары басталды.

Компанияның қызметі мен іс-шаралары туралы ақпараттандыру

Есепті кезеңде БАҚ-та 136 материал шықты. Негізгі тақырыптар:

- 1) Музей және оның іс-шаралары;
- 2) EXPO іскерлік кешенінің аумағындағы Наурыз мейрамы;
- 3) EXPO жазғы сахнасындағы концерттер;
- 4) «Kids Expo. Балалар әлемі» балаларға арналған тауарлар жәрмеңкесі;
- 5) Компанияның қызметі (кездесулер, меморандумдарға қол қою, халықаралық ынтымақтастық және т.б.).

Есепті кезеңде Қоғамның қызметін, объектілері мен іс-шараларының маркетинг және PR танымалдығы бойынша белсенді жұмыс жүргізілді. Қорытындысы бойынша БАҚ-та және интернет-қауымдастықтарда 136 материал шықты. Компанияның ресми сайтында 60 материал жарияланды. Facebook, Instagram, Telegram және Twitter әлеуметтік желілерінде Компанияның ресми аккаунттарында Компанияның қызметі мен объектілерін, сондай-ақ EXPO іскерлік орталығының аумағын маркетингтік жағынан көпке таныту шеңберінде күнделікті посттар жариялау қамтамасыз етілді. Есепті кезеңде 904 пост жарияланды.

2024 жылы барлығы 1100 материал жарияланды.

Кеңсе және сауда жылжымайтын мүлкін жалға беру

Компанияның негізгі стратегиялық мақсаты - кеңсе және сауда жылжымайтын мүлкін жалға беруден түсетін кірісті жыл сайын арттыру. 2024 жылы кіріс көлемі 9 843 млн теңгені құрады, бұл жоспарланған 8 574 млн теңгеден артық. Объектілердің толымдылығы 100% құрады.

2024 жылы EXPO кешенінің аумағында инновациялық-білім беру-қаржы кластерін қалыптастыратын жеті негізгі жалға алушы орналастырылды: "Астана" халықаралық қаржы орталығы (АХҚО), "Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қоры, ҚР Қаржы мониторинг агенттігі (ҚР ҚМ), Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (ЦДИАӨМ), IT University, "Цифрлық үкіметті қолдау орталығы" РМК (ЦҰҚО) және "ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі" ММ (ҚР СЖРА).

Анықтама үшін: 2024 жылы кеңсе жылжымайтын мүлік үшін жалдау мөлшерлемесі жалға алуға жарамды алаңның 1 ш.м үшін 9 000 теңгені және қосалқы алаңның 1 ш.м үшін 4 500 теңгені құрады. 2024 жылдың нәтижелері бойынша 64 жалдау шарты жасалды, оның ішінде ағымдағы шарттар ұзартылды және жаңа жалға алушылармен жасалды.

Базалық станцияларды және/немесе байланыс жабдықтарын жалға беруден коммерциялық сервистер бойынша түскен табыс

2024 жылы барлық коммерциялық сервистер бойынша 17 шарт жасалды, оның 8-і Қоғам аумағында ақпараттық-телекоммуникациялық қызметтер көрсететін операторлармен, соның ішінде - "Jusan Mobile" АҚ, "NLSAstana" ЖШС, "TelNet" ЖШС, "Транстелеком" АҚ, "Кар-Тел" ЖШС, "Қазақтелеком" АҚ, Сервистік фабрика - "Қазақтелеком" АҚ филиалы, "SMARTNET" ЖШС және "Астана" халықаралық қаржы орталығымен (АХҚО) жасалды.

Сондай-ақ, 2024 жылы Kcell, Beeline және Tele2 ұялы байланыс операторларымен базалық станциялар мен қабылдау-беру жабдықтарын орнату үшін алаңды жалға беру бойынша 3 шарт жасалды.

Коммерциялық сервистер бойынша табыс 2024 жылы 35 млн. теңгені құрады.

Тұрақ кеңістігін басқару

Бүгінгі таңда EXPO кешенінің астындағы ауданы 100 мың ш.м. астам жерасты тұрақ кеңістігінің бірыңғай аймағы 2700 тұрақ орнына арналған. Сондай-ақ 179 тұрақ орнына арналған Конгресс-орталықтың жерасты және көше тұрақ кеңістігінің аймағы және 164 тұраққа арналған халықаралық көрме орталығының көше тұрақ кеңістігінің аймағы бар.

Анықтама: 2024 жылы жеке және заңды тұлғалар үшін паркінгті пайдалану қызметтерінің құны (В санаты) ҚҚС-ны қоса алғанда 14 000 теңгені құрады, бір рет кіру кезінде алғашқы 20 минут – тегін, бірінші сағат – 200 теңге, әрбір келесі сағат үшін – 100 теңге, тәулігіне ең көбі – 1000 теңге.

Есепті жылы тұрақ кеңістігін жалға беруден түскен табыс 252 млн. теңге.

Конгресс-орталық, "EXPO" халықаралық көрме орталығы

2024 жылы EXPO іскерлік орталығы объектілерінің алаңдарында 122 іс-шара өткізілді, оның ішінде "EXPO" халықаралық көрме орталығында 47 іс-шара, Конгресс-орталықта 71 іс-шара және "Нұр Әлем" сферасы Болашақ энергиясы музейінде 4 іс-шара өткізілді. Алаңдарды жалға алудан түскен табыс 1 473 млн. теңге.

Конгресс-орталықта - VII Еуразиялық халықаралық кітап көрмесі - "Eurasian Book Fair" жәрмеңкесі, "Capital Cup" спорттық-бал билері фестивалі, "CHEF Days SHOW" үлкен мейрамхана форумы, "Enactus Kazakhstan National Expo 2024" мектеп және студенттік кәсіпкерліктің ұлттық кубогы, Қазақ-қырғыз жастар форумы, "Fide клубтық әлем чемпионаты" шахмат турнирі, "Қазақстан-Өзбекстан" бизнес-форумы, "Қазақстанның интервенциялық кардиологтары мен эндоваскулярылық хирургтары қоғамы" қоғамдық бірлестігінің XII конференциясы, Алматыда БҰҰ цифрлық шешімдер орталығын құру жөніндегі конференция және "World Association of Learning Studies – WALIS", сондай-ақ Алексей Чумаков, Леонид Агутин, Turar, XCHO, RaiM, Максим және т.б. сияқты орындаушылардың концерттері өтті.

"EXPO" халықаралық көрме орталығында «AgriTek/FarmTek Astana2024», «Automechanika Astana», «KIOSH 2024», «AstanaBuild 2024», «Housekeeping Astana», «KazAtomExpo», «InfraTechKazakhstan», «KazAgro/KazFarm-2024», «Interlight Central Asia 2024», «Astana Winner 2025» сияқты халықаралық ірі көрмелері өткізілді. Сондай-ақ, алаңда басқа да маңызды іс-шаралар, соның ішінде "Қазақ тазы" арнайы монотұқым көрмесі, WorldSkills Kazakhstan 2024 республикалық кәсіби шеберлік чемпионаты, KazTraffic көрмесі, Omir Özen FEST фестиваль-көрмесі және басқалар өткізілді.

Анықтама: Салыстыру үшін 2023 жылы 114 іс-шара өткізілді, оның ішінде "EXPO" халықаралық көрме орталығында 47 іс-шара, Конгресс-орталықта 64 іс-шара және "Нұр Әлем" сферасы Болашақ энергиясы музейінде 3 іс-шара өткізілді.

Сатып алу қызметі

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың 2023 жылға арналған жылдық жоспары "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқармасының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен (№40-23 хаттама) бекітілді, оған сәйкес 6,732 млрд.теңге сомаға 66 позиция көзделген.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, сатып алу жоспарында 12,02 млрд. теңге сомасына 386 позиция көзделген, оның ішінде:

- 2,256 млрд. теңге сомаға 254 тауар сатып алынды;
- 2,329 млрд. теңге сомаға 37 жұмыс сатып алынды;
- 7,435 млрд. теңге сомаға 95 қызмет сатып алынды.

2024 жылы 375 позиция бойынша сатыпалым жүргізілді, оның ішінде:

- тендер тәсілімен 44 сатыпалым;
- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 286 сатыпалым;
- сатып алу шарттарын тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен 45 сатыпалым;
- 11 позиция алынып тасталды.

Сатып алу қорытындысы бойынша барлығы 234 шарт жасалды, оның ішінде:

- тендер тәсілімен 39 шарт;
- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 101 шарт;
- бір көзден алу тәсілімен 53 шарт;
- тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен 41 шарт.

"QazExpoCongress" ҰК" АҚ тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сатып алудың 2023-2025 жылдарға арналған ұзақ мерзімді жоспарында енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 1,953 млрд.теңге сомаға 4 позиция көзделген.

Республикалық бюджет қаражатын пайдалану

QazExpoCongress" ҰК" акционерлік қоғамына 2024 жылы "2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына сәйкес 210 "Нысаналы аударым" бюджеттік бағдарламасы бойынша "Астана" халықаралық форумын ұйымдастыру және өткізу үшін" 1 440 619 мың теңге сомасында қаражат бөлінді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың шешімімен, Қазақстандағы ауқымды су тасқынына және жойқын апаттың салдарын жою, сондай-ақ ел азаматтарына көмек көрсету үшін қаражат үнемдеу қажеттілігіне байланысты 2024 жылғы 13-14 маусымға жоспарланған Астана халықаралық форумы (бұдан әрі – АХФ-2024) өткізілмеді.


Осыған байланысты, Компания АХФ-2024 ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмысты тоқтатты, сондай-ақ жұмсалған шығыстарды ескере отырып, бюджет қаражатын қайтару бойынша жұмыс жүргізілді.

Жалпы жұмсалған шығыстар 72 242,7 мың теңгені құрады (АХФ-2024 теледидарда және ВВС медиа корпорациясының онлайн ресурстарында ақпараттандыру және жарнамаларын шығаруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер, баспасөз орталығының жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі бейрезидент үшін ҚҚС, АХФ-2024 қазақстандық БАҚ-та SMM-сүйемелдеу және ақпараттық ілгерілету жөніндегі қызметтер және банктік қызметтер).

Игерілмеген бюджет қаражатының қалдығы 1 368 376,3 мың теңге сомасында республикалық бюджеттің кірісіне қайтарылды.

Бұдан басқа, 2024 жылы "2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 22 тамыздағы №684 қаулысына сәйкес EXPO 2025 дүниежүзілік көрмесіне (Осака қ., Жапония) қатысуға қаражат алынды. 2024 жылы іс жүзінде 22 700 мың теңге игерілді (Қазақстанның "С" үлгісіндегі павильонының орынжайларын жалға алуға және банк қызметтеріне арналған шығыстар). Қалған қаражат 2025 жылы игеріледі.

Республикалық бюджеттен қаржыландыру



■ Көрме объектілерін ұстауға және пайдалануға арналған шығыстар

■ Астана халықаралық форумын өткізуге арналған шығыстар және ҚР ЭКСПО-2025 көрмесіне қатысуы бойынша шығыстар (Осака қ., Жапония)

Республикалық бюджеттен 2024 жылы көрме объектілерін ұстауға және пайдалануға қаражат көзделмеген.

4-бөлім.

ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

Негізгі корпоративтік оқиғалар:



4 Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялар:

Қазақстан-Вьетнам бірлескен комиссиясының 11-ші отырысы (2024 ж. 16-17 мамыр);
Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы комитетінің 13-ші отырысы (2024 ж. 23-24 мамыр);
Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның тең төрағаларының кездесуі (25 шілде 2024 ж.);
Қазақстан Республикасы мен Италия арасындағы экономикалық және өнеркәсіптік ынтымақтастық жөніндегі жұмыс тобының 9-отырысы (2024 жылғы 29 қазан).



5-бөлім.

Жарғылық капиталдың құрылымы

Компанияның жарғылық капиталы 42 440 069 000 (қырық екі миллиард төрт жүз қырық миллион алпыс тоғыз мың) теңге мөлшерінде қалыптасты.

Жарияланған акциялардың саны мен номиналды құны 20 086 550 (жиырма миллион сексен алты мың бес жүз елу) қарапайым акцияны құрайды. Шығарылған бір акцияның номиналды құны (қатысу үлесі) бір мың теңгені құрайды.

Акциялармен берілген құқықтардың сипаттамасы: қарапайым акциялар акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Компанияда таза табыс болған кезде дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны тарату кезінде Компания мүлкінің бір бөлігін береді

Жалғыз акционерге тиесілі қарапайым акциялардың (қатысу үлестерінің) саны: 5 287 338 (бес миллион екі жүз сексен жеті мың үш жүз отыз сегіз) қарапайым акция.

Жалғыз акционерге тиесілі қарапайым акциялардың (қатысу үлестерінің) үлесі:
100% пайыз.

Шығарылым KZ1C00012533 халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN) берілген 5 287 338 (бес миллион екі жүз сексен жеті мың үш жүз отыз сегіз) қарапайым акцияларға бөлінген. Акциялар орналастырылған және толық төленген.

Меншік құқығына иелік ету тәртібі:
"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Компания жарғысына сәйкес.

Жарияланған акциялардың акцияларын мемлекеттік тіркеу туралы 2020 жылғы 18 ақпандағы № 101000067488353 куәлік.

Жалғыз акционер
Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі

6-бөлім.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАР

2025 жылға Компания алдында мынадай міндеттер қойылған:

- Қазақстан Республикасының EXPO 2025 Osaka дүниежүзілік көрмесіне қатысуын қамтамасыз ету;
- 2025 жылғы 29-30 мамырда AIF2025 өткізуді қамтамасыз ету;
- үкіметаралық комиссияларды ұйымдастыру және өткізу;
- Мәскеу қаласындағы ХШЖК "Қазақстан" сауда-көрме орталығына туристерді тарту және Қазақстанның мәдени мұрасын танымал ету бойынша іс-шаралар өткізу;
- Конгресс-орталық пен "EXPO" халықаралық көрме орталығының алаңдарында Конгресс-көрме іс-шараларын өткізу;
- кеңсе және сауда жылжымайтын мүліктерін жалға беруден түскен түсімді алу;
- EXPO 2025 Osaka дүниежүзілік көрмесіне елдің қатысуын және Қазақстан Республикасы Ұлттық павильонының қызметін маркетингтік және PR ілгерілету бойынша жұмыс жүргізу;
- EXPO іскерлік кешенінің аумағында Компания қызметін және іс шараларды көпке таныту бойынша PR және маркетингтік жұмыстар жүргізу;
- қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру жөніндегі стратегияны іске асыру тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде қауіпсіздікті басқару талаптарын, еңбекті және денсаулықты, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі озық технологияларды енгізуді ескере отырып жалғастырылатын болады.

7-бөлім.

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдерді басқару жүйесі – Директорлар кеңесі, Басқарма, құрылымдық бөлімше басшылары және қызметкерлер өз деңгейінде Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал оқиғаларды анықтауға, сондай-ақ акционерге қолайлы деңгейде осы оқиғаларды басқаруға қатысатын бір процеске біріктірілген өзара байланысты элементтер жиынтығы.

Компаниядағы тәуекелдерді басқару процесінің негізгі мақсаты – Компанияның қызметіне ішкі және сыртқы жағымсыз факторлардың әсер ету дәрежесін шектеу арқылы қызметтің үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету. Ішкі және сыртқы қауіп факторлары – тәуекелдердің іске асуына ықпал ететін себептер.

Тәуекелдерді басқару жүйесі – корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненттері және Компанияның тиімді жұмысының маңызды аспектісі.

Компанияға 2014 жылы енгізілген тәуекелдерді басқару жүйесі Компанияны басқарудың жалпы процесіне енгізілген сәйкестендірулерден, бағалаудан, тәуекелдерге жауап беруден, тиімділікті бақылаудан және тәуекелдерді басқару және бақылау қызметін жоспарлаудан тұратын басқару шешімдерін қабылдау мен орындаудың үздіксіз циклдік процесі.

Тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу жөніндегі іс-шаралар негізгі тәуекелдерді анықтауға, бағалауға, негізгі тәуекелдерге тиісті ден қою шараларын қабылдауға, ықтимал қаржылық шығындарды азайтуға немесе алдын алуға, барлық ішкі саясаттар мен рәсімдердің, сондай-ақ заңнамалық актілер мен талаптардың белгіленген тәртіппен сақталатынына және Компанияның корпоративтік басқару деңгейін арттыратынына тиісті сенімділікке ие болуға мүмкіндік береді.

Қажет болған жағдайда өзгерістер енгізілетін Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі нормативтік құжаттары:

1. Тәуекелдерді басқару саясаты;
2. Тәуекелдерді анықтау және бағалау әдістемесі;
3. Тәуекел және бақылау матрицасын құру және пайдалану жөніндегі нұсқаулық;
4. "QazExpoCongress" ҰК" АҚ негізгі тәуекел көрсеткіштерін есептеу әдістемесі.

Компанияда жыл сайын тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде:

1. Тәуекел деңгейі;
2. Тәуекелдер тізілімі;
3. Бизнес-процестердің жіктеуіші;
4. Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
5. Компанияның негізгі тәуекелдері бойынша негізгі тәуекел көрсеткіштері мен төзімділік деңгейлері;
6. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін дамытудың жол картасы нақтыланады.

Компанияның тәуекел-менеджменті Директорлар кеңесінің, Ішкі аудит қызметінің, Басқарманың, тәуекел иелері – құрылымдық бөлімшелердің, сондай-ақ тәуекел-менеджменттің қатысуымен жүзеге асырылады.

Компания өз қызметін 2024 жылы төрт: стратегиялық, қаржылық, құқықтық және операциялық санаттарға бөлінген тәуекелдердің кең спектрін ескере отырып жүзеге асырады.

Компанияда жыл сайын тәуекелдерді сәйкестендіру, оларды бағалау және оларды басқару жөніндегі шараларды әзірлеу жүзеге асырылады.

Тоқсан сайын тәуекел иелерінің қатысуымен тәуекелдерге мониторинг жүргізіледі, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру мониторингі жүзеге асырылады, сондай-ақ іске асырылған тәуекелдер базасы жүргізіледі.

Компанияның әрбір құрылымдық бөлімшесінде тәуекел-менеджмент мәселелеріне жетекшілік ететін және құрылымдық жетекшілік ететін бағытқа тән тәуекелдерді анықтауға және бағалауға, тәуекелдер бойынша есептілікті дайындауға, тәуекелдерді басқару секторымен өзара іс-қимылды қолдап отыратын қызметкер (тәуекел-үйлестіруші) айқындалған.

Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша іс-шараларды тиісінше және уақтылы орындау мақсатында жыл сайын Қоғамның құрылымдық бөлімшелері-тәуекел-үйлестірушілер қызметкерлері үшін семинарлар өткізіледі.

Тоқсан сайын Қоғамның жаңа қызметкерлері үшін тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша оқыту/кіріспе нұсқаулық жүргізіледі.

2024 жылға арналған негізгі тәуекелдер:

Негізгі тәуекелдер – тәуекел картасының қызыл аймағына түсетін және іске асыру ықтималдығы өте жоғары және/немесе Компанияның қызметіне өте үлкен әсер ететін тәуекелдер.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі негізгі мәселелер алдын ала Басқарманың мақұлдауына шығарылады және Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді.

2024 жылы келесі негізгі тәуекелдер бекітілді:

1. Кеңсе және коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беруден жоспарланған табысқа қол жеткізбеу;

Алдын алу шаралары:

- жалдау мөлшерлемелерінің баға саясатын уақтылы түзету;

- пайдалану қызметтерін сапасыз ұсыну себептерін уақтылы жою;

- объектілерді таныстыра отырып, әлеуетті жалға алушылармен келіссөздер және кездесулер өткізу;

- табыс жоспарын түзету кезінде жоғары тұрған мемлекеттік органдардың жеңілдіктер бойынша тапсырмаларының болуын ескеру;

- қоғамдық тамақтандыру мен қызмет көрсету саласының әлеуетті жалға алушыларын тарту үшін икемді жалдау шарттарын ұсыну мүмкіндігін қарастыру;

- объектілерді жалға беруден түсетін түсімнің болжамды көрсеткіштерін уақтылы түзету.

2. ККШ алаңдарын жалға беруден түскен түсім көлемі бойынша көрсеткішті орындамау.

Ескерту шаралары:

- мемлекеттік сектордан әлеуетті жалға алушыларды (тапсырыс берушілерді) тарту үшін мемлекеттік органдармен және компаниялармен өзара іс-қимылды күшейту;

- ірі көрме ұйымдарымен және агенттіктермен байланыс орнату, Конгресс-орталық пен "EXPO" халықаралық көрме орталығының алаңдарында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу үшін халықаралық компанияларды тарту;

- мемлекеттік емес сектордың отандық және шетелдік компаниялары арасында әлеуетті жалға алушылардың (тапсырыс берушілердің) неғұрлым кең ауқымын қанағаттандыруға қабілетті, оны түзету мүмкіндігімен (нарықтық конъюнктура негізінде) баға саясатын әзірлеу және енгізу;

- объектілерді таныстыру, келіссөздер жүргізу және әлеуетті жалға алушылармен кездесулерді сүйемелдеу;

- іс-шараларды мерзімінен бұрын ауыстыру;

- ККШ алаңдарын жалға беруден түсетін түсімнің болжамды көрсеткіштерін уақтылы түзету.

2024 жылдың қорытындысы бойынша "ККШ алаңдарын жалға беруден түскен түсім көлемі бойынша көрсеткішті орындамау" 1 тәуекелі орын алды. Жоғарыда аталған тәуекелдің іске асуының негізгі факторларының бірі – Астана халықаралық форумының (АХФ-2024) өткізілмеуі. Мәселен, биылғы жылдың көктемінде Қазақстандағы су тасқынына және қирау салдарын жою және азаматтарға көмек көрсету үшін қаражат үнемдеу қажеттілігіне байланысты Мемлекет басшысы 13-14 маусымға жоспарланған АХФ-2024 өткізбеу туралы шешім қабылдады.

Ақпараттық саясат

Компанияның ақпараттық саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына, жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және Компанияның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

Ақпараттық саясат Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашудың мақсаттарын, негізгі қағидаттары мен қағидаларын белгілейді, коммерциялық қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын жалпыға қолжетімді ақпарат пен ақпараттық тізбесін айқындайды, сондай-ақ осы ақпаратты ашу тәртібін, нысандарын, тәсілдері мен мерзімдерін регламенттейді.

8-бөлім.

Корпоративтік басқару

Компанияда корпоративтік басқарудың Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тиісті стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) қолданылады.

Кодекс тиімділікті, транспаренттілікті, есептілікті, жоғары деңгейді қамтамасыз ету үшін Компания өз қызметі барысында ұстанатын қағидалар мен ұсынымдардың жиынтығы болып табылады

Компания ішіндегі және басқа мүдделі тараптармен қарым-қатынастағы іскерлік әдеп.

Корпоративтік басқару кодексінің мақсаттары:

- Компанияның корпоративтік басқаруын жетілдіру;
- басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету;
- Компанияның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстану

міндеттемесін растау.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттары:

- өкілеттіктерді ажырату қағидаты;
- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Компанияны Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді басқару қағидаты;
- орнықты даму қағидаты;
- тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және аудит;
- Компанияның қызметі туралы ақпаратты жария етудің ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары;
- корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты.

Корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану Компания қызметіне объективті талдау жүргізу және қажет болған кезде талдаушылардан, консультанттардан және рейтингтік агенттіктерден тиісті ұсынымдар, бағалар алу үшін тиімді тәсіл жасауға жәрдемдеседі.

Компания корпоративтік басқаруды Компания қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және оған капитал тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Компанияның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті ажыратуды көздейді.

Компанияның корпоративтік басқаруы

әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылған. Корпоративтік басқару құрылымы Компания қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделеді және Компанияның табысты қызметіне, оның ішінде оның құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға ықпал етеді.

Корпоративтік басқарудың тиісті жүйесі - Компанияның қазіргі экономикадағы және жалпы қоғамдағы орнын анықтайтын негізгі фактор. Корпоративтік басқарудың негізінде заңның үстемдігі қағидаты жатыр.

Жарғыға сәйкес Компанияның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Компанияның Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган – Компанияның Басқармасы;
- 4) Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

Барлық органдардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, корпоративтік басқару кодексімен, жарғымен және ішкі құжаттармен реттеледі.

Корпоративтік басқару құрылымы



Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Компанияның стратегиялық басшылығын және Компания басқармасының қызметін бақылауды қамтамасыз ететін, Компанияның Жалғыз акционеріне есеп беретін басқару органы болып табылады.

Директорлар кеңесі қызметінің мақсаты - Компания қызметіне жалпы басшылық жасау, Компания мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Компания қызметінің қағидаттары мен нормаларын белгілеу, сондай-ақ Компанияның жалғыз акционер және басқа тұлғалар алдындағы міндеттемелерін түсіну мен сақтауды қамтамасыз ету.

Директорлар кеңесі туралы жалпы ақпарат

Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен – Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің (бұдан әрі – ҚР СИМ) 2023 жылғы 01 желтоқсандағы № 417-НҚ бұйрығымен Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелері К.Т. Жолдыбековтің, Н.Е. Алимухамбетовтің, Ж.Т. Кошанованың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды және Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін (2024 жылғы 9 желтоқсанға дейін) Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар Оксикбаев Омархан Нуртаевич, Нокин Серик Кенесович және Мауленов Миран Газизович сайланды.

2024 жылы Компанияның Директорлар кеңесі құрамындағы өзгерістер:

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына сайланды:

- 1) Жумангарин Серик Макашевич (ҚР СИМ 2024 жылғы 20 наурыздағы бұйрығы);
- 2) Адильбеков Нурмахан Абилькасымович – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары (ҚР СИМ 2024 жылғы 13 маусымдағы № 249 бұйрығы);
- 3) Шильдебаева Асель Дулатовна – тәуелсіз директор (ҚР МСИ 2024 жылғы 05 шілдедегі бұйрығы)

4) Азбергенов Дияс Сержанович – Компания Басқармасының төрағасы (ҚР СИМ 2024 жылғы 1 тамыздағы бұйрығы).

Компанияның Директорлар кеңесінің келесі мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды:

1) Мырзахметов Кайрат Жақсылықұлы – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары (ҚР СИМ 2024 жылғы 13 маусымдағы № 249 бұйрығы);

2) Оксикбаев Омархан Нуртаевич (2024 жылғы 01 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің құрамынан шығу туралы өтініш негізінде);

3) Чайжунусов Аллен Сержанович (ҚР СИМ 2024 жылғы 1 тамыздағы бұйрығы).

2024 жылғы 14 маусымда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№5 хаттама) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Жұманғарин "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

2024 жылғы 09 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы:

Жұманғарин Серик Макашевич – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Директорлар кеңесінің төрағасы;

Торебаев Кайрат Калмукаматович – Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция вице-министрі;

Адильбеков Нурмахан Абилькасымович – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

Азбергенов Дияс Сержанович – «QazExpoCongress» ҰК" АҚ Басқармасының төрағасы;

Нокин Серик Кенесович – тәуелсіз директор;
Шильдебаева Асель Дулатовна – тәуелсіз директор;

Мауленов Миран Газизович – тәуелсіз директор.

2024 жылғы 09 желтоқсанда Компанияның Директорлар кеңесінің үш жылдық өкілеттік мерзімі аяқталды.

2025 жылғы 15 қаңтарда Компанияның Директорлар кеңесінің жаңа құрамы 3 ай мерзімге сайланды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы:

Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары,
Директорлар кеңесінің төрағасы

Жумангарин Серик Макашевич

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
орынбасары, Директорлар кеңесінің төрағасы
1969 жылы 22 шілдеде дүниеге келген

Білімі:

Мәскеу Ленин орденді және Октябрь революциясы
орденді Энергетика институтын, Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университетін, Халықаралық
бизнес академиясын бітірген.

Еңбек жолы:

1993 жылдан 2004 жылға дейін кәсіпкерлік
қызметпен айналысқан.

2005-2006 жылдары – Ақтөбе қаласының
экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі
бастығының орынбасары; Ақтөбе қаласының Кәсіпкерлік
бөлімінің бастығы.

2006-2007 жылдары – Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақтөбе
облысы бойынша басқармасы бастығының орынбасары.

2007-2008 жылдары – Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақтөбе
облысы бойынша басқармасының бастығы; Қазақстан
Республикасы Табиғи монополияларды реттеу
агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің
директоры.

2008-2010 жылдары – Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрлігі Сауда комитеті
төрағасының орынбасары, Сауданы дамыту
департаментінің директоры; "Қазақстан келісімшарт
агенттігі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

2010-2011 жылдары – «NADLoC» жергілікті қамтуды
дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі" АҚ Басқарма
төрағасының орынбасары, бірінші орынбасары.

2012-2013 жылдары – Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда министрлігінің Өңірлік
саясат және бюджетаралық қатынастар департаментінің
директоры; Қазақстан Республикасы Экономикалық
даму және сауда министрлігінің Өңірлік даму
комитетінің төрағасы.

2013-2014 жылдары – Қазақстан Республикасының
Өңірлік даму вице-министрі.

2014-2017 жылдары – Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау
комитетінің төрағасы.

2017-2019 жылдары – Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика вице-министрі.

2019-2020 жылдары – Бәсекелестік және
антимонополиялық реттеу жөніндегі Еуразиялық
экономикалық комиссия алқасының мүшесі (Министр).

2020-2022 жылдары – Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы.

2022 жылғы 15 тамызда Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және
интеграция министрінің міндетін атқарушы болып
тағайындалды.

2022 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы
Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және
интеграция министрі болып тағайындалды.

2023 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы
Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары болып
тағайындалды.

2024 жылғы 6 ақпанда Қазақстан Республикасы
Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары болып
тағайындалды.

2024 жылғы 20 наурызда "QazExpoCongress" ҰК"
АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.

2024 жылғы 14 маусымда "QazExpoCongress" ҰК"
АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.



Директорлар кеңесінің мүшесі Торбаев Кайрат Калмукаметович

Қазақстан Республикасының Директорлар кеңесінің мүшесі, Сауда және интеграция вице-министрі.

1979 жылы 19 қаңтарда дүниеге келген.

Білімі:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясының "Халықаралық экономист" мамандығы бойынша түлегі. Берн қ. университетінің Дүниежүзілік сауда институтында Халықаралық құқық және экономика магистрі дәрежесін алды.

Еңбек жолы:

Еңбек жолын 1997 жылы бастап, 2001 жылға дейін жеке құрылымдарда жұмыс істеп бастаған.

2001 жылғы шілде – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Валюта-қаржы департаментінің жоспарлау бөлімінің жетекші маманы.

2001 жылғы шілдеден бастап 2009 жылғы қазанға дейін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде және Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы Елшілігінде әртүрлі лауазымдарды атқарды.

2011 жыл – Азия Даму Банкінің Орталық Азия өңірлік ынтымақтастық бағдарламасының үйлестірушісі.

2012 жылғы қарашадан бастап – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Сыртқы экономикалық саясат департаментінің бірінші хатшысы.

2012 жылғы желтоқсаннан бастап – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі Хатшылығының кеңесшісі.

2013 жылғы наурыздан бастап – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары.

2013 жылғы сәуірден бастап – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры.

2014 жылғы қазаннан 2019 жылғы маусымға дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры.

2019 жылғы маусымнан бастап – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры.

2019 жылғы шілдеден бастап – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция Вице-министрі.

2020 жылғы 3 наурызда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды (Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №40-НҚ бұйрығы).

2021 жылғы 10 желтоқсанда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып қайта сайланды (ҚР СИМ 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 628-НҚ бұйрығы).

Директорлар кеңесінің мүшесі Адилбеков Нурмахан Абилясымович

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Директорлар кеңесінің мүшесі, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары 1973 жылы 19 ақпанда дүниеге келген.

Білімі:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, Қазақ гуманитарлық-заң университетін бітірген.

Еңбек жолы:

1995-2010 жылдары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінде әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді.

2014 жылдан 2020 жылға дейін – "Ақпараттық-есепке алу орталығы" АҚ әртүрлі лауазымдарды атқарды, Астана қ.

2020 жылдан 2022 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің республикалық меншік объектілерін сату және жекешелендіруден кейінгі бақылау басқармасының басшысы.

2022 жылдан 2024 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Шымкент қаласының мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы.

2024 жылғы маусымнан бастап – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары.

2024 жылғы 13 маусымда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

2025 жылғы 2 мамырда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшесі **Азбергенов Дияс Сержанович**

Директорлар кеңесінің мүшесі, Компанияның Басқарма төрағасы

1973 жылы 19 ақпанда дүниеге келген.

Білімі:

Қазақ гуманитарлық-заң университетін "Құқықтану" мамандығы бойынша, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ұлттық мемлекеттік саясат мектебін бітірген.

Заң ғылымдарының кандидаты, саясаттану магистрі

Еңбек жолы:

2004-2008 жылдары – Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспиранты, оқытушысы.

2008-2009 жылдары – "Алматы қаласының Әділет департаменті" ММ жетекші маманы.

2009-2011 жылдары – "Алматы қаласының Әділет департаменті" ММ нормативтік құқықтық актілерді тіркеу бөлімінің бастығы.

2011-2012 жылдары – "Алматы қаласының Әділет департаменті" ММ бастығының орынбасары.

2012-2014 жылдары – "Талғар аудандық мәслихаты" ММ аппарат басшысы.

2014-2018 жылдары – "QazExpoCongress" ҰК" АҚ бас менеджері-Заң департаменті директорының орынбасары, көрме объектілерін пайдалану, сервистік қамтамасыз ету, операциялық сервистер, объектілерді басқару департаменттерінің директоры.

2018-2021 жылдары – "Samruk-Kazyna Trust" корпоративтік қорының бас директоры.

2021-2023 жылдары – "QazExpoCongress" ҰК" АҚ филиалының бас директоры. "Qazexprocongress Құрылысының Дирекциясы"

2021-2023 жылдары – "QazExpoCongress" ҰК" АҚ "Qazexprocongress Құрылысының Дирекциясы" филиалының бас директоры.

2023 жылғы қазаннан 2024 жылғы шілдеге дейін – "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

2024 жылғы 18 шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін – "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы.

Директорлар кеңесінің мүшесі **Нокин Серик Кенесович**

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
1959 жылы 17 ақпанда дүниеге келген

Білімі:

Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің химиялық қорғау жоғары әскери-инженерлік училищесін бітірген

Еңбек жолы:

1982-1995 жылдары – Ақтөбе хром қосылыстары зауытында шебер, бастықтың орынбасары, цех бастығы, директордың орынбасары.

1995-1998 жылдары – Ақтөбе қаласындағы "Ақтөбе хром қосылыстары зауыты" АҚ Басқарма төрағасы, Президенті.

1998-2002 жылдары – Ақтөбе қ. "Жылуэнергия" АҚ президенті, директоры.

2002-2006 жылдары – Атырау облысы әкімінің орынбасары.

2006-2008 жылдары – Ақтөбе қаласының әкімі.

2008 жылы (қазан-қараша) – Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары.

2008-2009 жылдары – Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы.

2009-2013 жылдары – Қазақстан Республикасы Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің төрағасы.

2013-2014 жылдары – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі.

2014 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Ақтөбе қ. "Ақтөбе кенсіз материалдар комбинаты" ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі.

2023 жылғы 01 желтоқсанда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ тәуелсіз директоры болып сайланды.

2025 жылғы 2 мамырда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшесі **Шильдебаева Асель Дулатовна**

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
1978 жылы 7 қазанда дүниеге келген.

Білімі:

Ауыл шаруашылығы институтын "Бухгалтерлік есеп және аудит" мамандығы бойынша, Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің Қаржы полициясы академиясын "Құқықтану" мамандығы бойынша, Корольдік хартиямен жұмыс істейтін Британдық Директорлар институтын (IoD) бітірген.

Компанияларды басқару – Директорлар кеңесі мен жоғары менеджмент мүшелеріне арналған кешенді даму бағдарламасы бойынша халықаралық сертификаттың иегері.

Еңбек жолы:

1999 жылдан 2006 жылға дейін – Экономикалық қылмысқа қарсы күрес департаментінің аға тергеушісі (капитан);

2006-2009 жылдары – "БТА Банк" АҚ;

2009-2013 жылдары – "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ҰК" АҚ Несие беру және несиелерді басқару департаментінің басшысы;

2013-2021 жылдары – "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ тобында басшылық лауазымдарда жұмыс істеді;

2013 жылғы ақпан-желтоқсан – "Қазақстанның жекпе-жек өнері қауымдастығы" ЗТБ Бас директорының орынбасары;

2023 жылдан 2024 жылға дейін – "DARA" президенттік бастамалар қорының басшысы.

Басқа лауазымдары:

* "Түркістан" ӘКК" АҚ, "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" КЕАҚ ЕТҰ алқалы басқару органдарына сайланды;

* 2023 жылғы ақпаннан бастап құрылтайшының "Жетінші арна" компаниясындағы өкілі;

• 29.04.2022 ж. бастап "Жасыл Даму" АҚ тәуелсіз директоры;

* Құқық, қаржы, корпоративтік басқару мәселелері бойынша сарапшы;

2024 жылғы 5 шілдеде "QazExpoCongress" ҰК" АҚ тәуелсіз директоры болып сайланды;

2025 жылғы 2 мамырда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшесі **Мауленов Миран Газизович**

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
1982 жылы 21 сәуірде дүниеге келген.

Білімі:

Қазақ гуманитарлық заң академиясын (заңгер-құқықтанушы), Кембридж университетімен біріккен Еуропалық құқық орталығындағы магистратурасын (халықаралық құқық) тәмамдаған, Д.А. Қонаев атындағы университетінің ізденушісі, заң ғылымдарының кандидаты, диссертацияның тақырыбы: "Қазақстан Республикасындағы мұнай бизнесін құқықтық реттеу", Geneva Business School (MBA).

Еңбек жолы:

2005 жылы – п"Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің менеджері;

2005-2006 жылдары – "ҚазМұнайГазКонсалтинг" АҚ корпоративтік мәселелер жөніндегі тобының заңгері;

2006-2008 жылдары – "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы АҚ департаменті директорының орынбасарының міндетін атқарушы, жинақтау-үйлестіру жұмысы департаментінің бас менеджері;

2008-2010 жылдары – "Арна Медиа" ұлттық холдингі Стратегия және корпоративтік басқару департаментінің директоры;

2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - "Olympex Advisers" ЖШС Басқарма төрағасы.

Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі:

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - "Интергаз Орталық Азия" АҚ тәуелсіз директоры;

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - "ҚазақТуризм" ұлттық компаниясы" АҚ тәуелсіз директоры.

Басқа лауазымдары:

"Қазақстанның авиациялық өкімшілігі" АҚ тәуелсіз директоры болды; "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" АҚ, "Ғылым қоры" АҚ, "Ақпараттық талдау орталығы" АҚ, "Қазтелерадио" АҚ, "Республикалық балаларды оңалту орталығы" АҚ.

2023 жылғы 01 желтоқсанда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ тәуелсіз директоры болып сайланды.

2025 жылғы 2 мамырда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Директорлар кеңесінің маңызды шешімдеріне шолу

Қаралған мәселелер туралы ақпарат.

2024 жылы Директорлар кеңесінің 10 отырысы өткізілді, оның ішінде 6 отырыс бетпе-бет түрде, 4 отырыс сырттай дауыс беру арқылы өткізілді, онда Компания қызметінің мынадай негізгі бағыттары бойынша 75 мәселе қаралып, шешімдер қабылданды.

Директорлар кеңесінің мынадай негізгі бағыттар бойынша қабылданған шешімдері:

Стратегиялық даму:

- "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2025-2034 жылдарға арналған даму жоспарының стратегиялық бастамаларының жобасы мақұлданды;
- "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2025-2034 жылдарға арналған даму жоспарының жобасы мақұлданды;
- "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2015-2024 жылдарға арналған 2023 жылға арналған даму жоспарының (аудиттелген деректер бойынша) стратегиялық көрсеткіштерінің орындалуы туралы есеп бекітілді;
- "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2020-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына (түзетілетін кезең 2024 жыл) өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;
- "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2020-2024 жылдарға арналған "2023 жылға (аудиттелген деректер бойынша)" іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша есеп бекітілді;
- "QazExpoCongress" ҰК" АҚ мүлкін коммуналдық меншікке өтеусіз беру мақұлданды.

Қаржы-шаруашылық қызметі:

- "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2023 жылғы (жеке және шоғырландырылған) жылдық қаржылық есептілігі алдын ала бекітілді.

Корпоративтік басқару:

- "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2023 жылғы жылдық есебі бекітілді;
- "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы жылдық есебі мақұлданды;
- 2023 жылғы "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп бекітілді;
- 2023 жылға арналған Корпоративтік басқару және орнықты даму жүйесінің жоспарлы құжаттарының орындалуы бойынша есептер тыңдалды;
- "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма мүшелерінің 2025 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштері бекітілді;
- 2025 жылға арналған "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлер қызметінің негізгі көрсеткіштері бекітілді;
- Әлеуметтік және экологиялық саясат бекітілді;
- 2025 жылға арналған Корпоративтік басқару және орнықты даму жүйесінің жоспарлы құжаттары бекітілді.

Ішкі аудит:

- "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Ішкі аудит қызметінің тоқсан сайынғы есептері тыңдалды;
- "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары және "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының жеке даму жоспары бекітілді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау:

Тәуекелдерді басқару жүйесі және ішкі бақылау жүйесі – корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі және

мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін ықтимал қауіпті оқиғаларды уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және азайтуға бағытталған.

Қоғамда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру қызметкерлердің, менеджменттің, Қоғам органдарының шешім қабылдау кезінде тәуекел деңгейінің ақылға қонымдылығы мен қолайлылығын түсінуді қамтамасыз етуге, тәуекелдерге тез ден қоюға, негізгі және қосалқы бизнес-процестер мен күнделікті операцияларды бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ тиісті басшылықты дереу хабардар етуге қабілетті басқару жүйесін құруға, сонымен қатар кез келген елеулі кемшіліктер туралы сәйкес деңгейдегі басшылыққа шұғыл хабар беруде жүзеге асыруға бағытталған.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі:

- тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді тыңдау,
- Компанияның Сатып алуды қадағалау орталықтандырылған қызметінің тоқсан сайынғы есептерін тыңдау;
- Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің есептерін тыңдау жөніндегі мәселелерді қарады.

Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы

Комитеттер – Компанияның Директорлар кеңесінің кеңесуші-мәжіліс органдары және Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу, аса маңызды мәселелерді қарау және өз құзыреті шегінде Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау мақсатында құрылады.

Директорлар кеңесі жанында үш комитет:

- * Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті;
- * Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар комитеті;
- * Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті жұмыс істейді.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті Директорлар кеңесіне Компания қызметінің басым бағыттарын және оны дамыту стратегиясын әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдарды әзірлеу және ұсыну, оның ішінде Компания қызметінің ұзақ мерзімді құны мен орнықты дамуындағы тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау жөніндегі мәселелерді әзірлеу үшін құрылады.

Комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады, сандық құрамын Директорлар кеңесі айқындайды. Комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің құрамы:

2024 жылғы 1 қаңтар – 1 сәуір аралығындағы кезең:

Нокин Серик Кенесович – тәуелсіз директор, төраға;

Оксикбаев Омархан Нуртаевич – тәуелсіз директор;

Мауленов Миран Газизович – тәуелсіз директор.

2024 жылғы 1 сәуір – 9 желтоқсан аралығындағы кезең:

Нокин Серик Кенесович – тәуелсіз директор, төраға;



Мауленов Миран Газизович – тәуелсіз директор;
Шильдебаева Асель Дулатовна – тәуелсіз директор.

2024 жыл ішінде Комитет 8 күндізгі отырыс өткізді, оған барлық мүшелері қатысты. Отырыстарда 19 мәселе қаралды және мынадай мәселелер бойынша ұсынымдар әзірленді: "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2020-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (түзетілетін кезең 2024 жыл); "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2023 жылға арналған корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту туралы; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2023 жылғы орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті қарау туралы; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2025-2034 жылдарға арналған даму жоспарының стратегиялық бастамаларының жобасын мақұлдау туралы; "QazExpoCongress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2015-2024 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 203 қаулысына өзгерістер енгізу туралы; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ мүлкін Астана қаласының коммуналдық меншігіне өтеусіз беруді мақұлдау туралы; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы қызметі туралы есепті мақұлдау туралы; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Корпоративтік басқару кодексінің 2023 жылғы қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті бекіту туралы; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ-тың 2025-2034 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ-тың 2015-2024 жылдарға арналған 2023 жылға арналған даму жоспарының стратегиялық көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті қарау туралы; 2023 жылға арналған "QazExpoCongress" ҰК" АҚ іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту туралы (аудиттелген деректер бойынша); 2023 жылға арналған Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті қарау туралы; 2023 жылғы орнықты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті қарау туралы; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ экологиялық саясатын бекіту туралы; "Болашақ энергиясы музейі" (В1 павильоны) объектісінің контенттік толтырылуын (экспонаттарын) пайдалану жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау туралы»

Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет

Комитет Компанияның Директорлар кеңесіне тағайындау (сайлау), қызметтің уәждемелік түйінді көрсеткіштерін қою, қызметті бағалау, сыйақы беру және Басқарма басшысы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау мәселелері, корпоративтік хатшыны тағайындау және сыйақы беру мәселелері, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) осындай өкілеттіктерді берген жағдайларда Директорлар кеңесінің құрамына қатысты көрсетілген мәселелерді қарауға қатысу мәселелері бойынша жәрдемдесу үшін құрылады.

Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар комитетінің құрамы:

2024 жылғы 1 қаңтар – 1 сәуір аралығындағы кезең:

Мауленов Миран Газизович – тәуелсіз директор, төраға;

Оксикбаев Омархан Нуртаевич – тәуелсіз директор;

Нокин Серик Кенесович – тәуелсіз директор.

2024 жылғы 1 тамыз – 9 желтоқсан аралығындағы кезең:

Мауленов Миран Газизович – тәуелсіз директор, төраға;

Нокин Серик Кенесович – тәуелсіз директор;

Шильдебаева Асель Дулатовна – тәуелсіз директор.

Отырыстар қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде алты айда бір рет өткізіледі.

2024 жыл ішінде Комитет 7 күндізгі отырыс өткізді, оған барлық мүшелері қатысты. Отырыстарда 24 мәселе қаралды және мынадай мәселелер бойынша ұсынымдар әзірленді: "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма мүшелерін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелерінің 2024 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту; 2024 жылға арналған "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлер жұмысының негізгі көрсеткіштерін бекіту; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ сатып алуды қадағалау орталықтандырылған қызметінің бас менеджерін тағайындау; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқармасы туралы ережеге өзгеріс енгізу; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ ұйымдық құрылымын жаңа редакцияда бекіту; Басқарма мүшелерінің, Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызмет қызметкерлерінің және "QazExpoCongress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының Корпоративтік хатшысы-Омбудсменінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін жаңа редакцияда бекіту; 2023 жылдың қорытындысы бойынша "QazExpoCongress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының төрағасы мен Басқарма мүшелерінің жұмыс тиімділігін бағалау (қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша) нәтижелері бойынша есепті бекіту; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлердің тоқсан сайынғы есептерін тыңдау; "QazExpoCongress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының әлеуметтік саясатын бекіту; "QazExpoCongress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының қызметкерлеріне қызметтік іссапар шығындарын өтеу нормаларына өзгерістерді бекіту.

Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті

Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит комитеті туралы ережеге сәйкес Комитеттің қызметі Компанияның Директорлар кеңесіне ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі құжаттарды сақтау және Қоғамның Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша өзге де мәселелер бойынша жәрдемдесуге бағытталған.

Аудит комитетінің мәртебесі, құрамы, жұмыс тәртібі, құзыреті мен функциялары, отырыстарды шақыру және өткізу рәсімі, сондай-ақ Комитет мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігі Аудит комитеті туралы ережеде айқындалған. Аудит жөніндегі Комитет Компанияның Директорлар кеңесіне есеп береді және оған Директорлар кеңесі берген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.

Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің құрамы:

2024 жылғы 1 қаңтар – 1 сәуір аралығындағы кезең:

Оксикбаев Омархан Нуртаевич – тәуелсіз директор, төраға;

Нокин Серик Кенесович – тәуелсіз директор;

Мауленов Миран Газизович – тәуелсіз директор.

2024 жылғы 1 тамыз – 9 желтоқсан аралығындағы кезең:

Шильдебаева Асель Дулатовна – тәуелсіз директор, төраға;

Нокин Серик Кенесович – тәуелсіз директор;

Мауленов Миран Газизович – тәуелсіз директор.

2024 жыл ішінде Комитет 12 күндізгі отырыс өткізді, оған оның барлық мүшесі

қатысты. Отырыстарда 18 мәселе қаралды және мынадай мәселелер бойынша ұсынымдар әзірленді: "QazExpoCongress" ҰК" АҚ-тың 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жылдық қаржылық есептілігін (жеке және шоғырландырылған) мақұлдау; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2023 жылғы IV тоқсандағы және 2024 жылғы I-III тоқсандағы тәуекелдер жөніндегі есептері; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметінің 2023 жылғы IV тоқсандағы және 2024 жылғы I-III тоқсандағы есептері; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Сатып алуды бақылау орталықтандырылған қызметінің 2025 жылға арналған тексеру жоспарын бекіту; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2024 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2025 жылға арналған тәуекелдер тізілімін және "QazExpoCongress" ҰК" АҚ 2025 жылға арналған тәуекелдер картасын бекіту"; 2025 жылға арналған "QazExpoCongress" ҰК" АҚ тәуекел деңгейін бекіту; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Ішкі аудит қызметінің кадрлық мәселелері; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің 2025 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту; "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2025 жылға арналған жеке даму жоспарын бекіту.

Директорлар кеңесінің сыйақылары туралы ақпарат

Сыйақы Компанияның тәуелсіз директорларына төленеді. Компанияның тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу рәсімі Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген Компанияның тәуелсіз директорларының сыйақыларын төлеу және (немесе) шығыстарын өтеу тәртібіне сәйкес айқындалған. Сыйақы мөлшері Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен айқындалады.

Тәуелсіз директорларға олармен жасалған шарттар негізінде мыналар төленеді:

* Компанияның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін сыйақы;

* Компанияның Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы.

Тәуелсіз директорларға тәуелсіз директордың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруына байланысты шығыстар (жол жүру, баспана, тәуелсіз шығындар) өтеледі.

Компанияның тәуелсіз директорларына олардың 2024 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша есептелген сыйақының жалпы мөлшері салықтарды қосқанда 5 млн. 350 мың теңге болды.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы қызметі туралы есебі Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 19 мамырдағы шешімімен (№5 хаттама) мақұлданды.



Қоғам Басқармасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құрамы:

"QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма
төрағасы
Азбергенов Дияс Сержанович

"QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма
төрағасының бірінші орынбасары
Еркимбаев Даулет Куандықович

Еңбек жолы:

2005 – "Air Arabia" әуе компаниясының Алматы қаласы әуежайындағы жерүсті қызметтерін басқарушысы – әуе компаниясының Қазақстан Республикасындағы бас өкілі.

2007 – "Менеджмент" мамандығы бойынша Қазақстан-Британ техникалық университетін бітірген.

2008 ж. – Алматы қаласы әкімдігінде Алматы қаласы әкімі аппаратының бас маманынан бастап Алматы қаласы Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасарына дейін түрлі қызметтер атқарған.

2010 – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, мамандығы – MBA бағдарламасы бойынша "Экономика және басқару".

2014 – Д.А. Қонаев атындағы көлік және құқық гуманитарлық университеті, мамандығы - "Құқықтану".

2015 – "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Операциялық басқару және тәуекел-менеджмент департаментінің директоры.

2016 – "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Коммерцияландыру департаментінің директоры.

2019 – "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Конгрестік-көрмелік іс-шаралары департаментінің директоры.

2020 жылғы маусым айынан бастап "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарушы директоры.

2020 жылғы тамыз айынан бастап – "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.

"QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма
төрағасының орынбасары
Рахимберлин Алмас Мейржанович

Еңбек жолы:

2003-2004 – "Ремвагон" АҚ ("Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ) филиалдарының экономикалық талдау және қайта құрылымдау секторының бас маманы.

2004-2014 – "Лизингтік жолаушылар вагоны компаниясы" АҚ бас маманы, заң бөлімінің бастығы ("Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ).

2014-2016 – "Вагонсервис" АҚ ("Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ) заң және кадр жұмысы қызметінің бастығы.

2016-2018 – "Қазақстан инвестициялық қоры" АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры ("Бәйтерек" ҰБХ" АҚ).

2018-2021 "Қазақстан инвестициялық қоры" АҚ ("Бәйтерек" ҰБХ" АҚ) төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі.

2019 – Алматы Экономика және статистика академиясын "Экономика" мамандығы бойынша бітірген.

2021-2023 "Almaty CITIC Kazyna Advisor" ЖШС кеңесшісі.

2023-2024 "Қазақстан" сауда-көрме орталығы" корпоративтік қорының Бас директоры ("QazExpoCongress" ҰК" АҚ).

26 шілде 2024-қазіргі уақытқа дейін "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

"QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма
төрағасының орынбасары
Ли Сергей Михайлович

Еңбек жолы:

1990-1997 – Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлеріндегі қызмет.

1995 – Ресей ИМ ЖӘ Санкт-Петербург жоғары әскери командалық училищесін "Құқықтану" мамандығы бойынша бітірді.

1997-1998 – Қазагроөнеркәсіп Банкінің Ақтөбе облыстық филиалының жетекші заң кеңесшісі.

1998-1998 – "Қазагропромбанк" ДББҰ Батыс Қазақстан аумақтық басқармасының заң мәселелері жөніндегі маманы.

1998-2001 – "Казкоммерцбанк" ААҚ Ақтөбе филиалының жетекші заң кеңесшісі.

2001-2005 – Ақтөбе облыстық адвокаттар алқасының мүшесі.

2005-2006 – "JUS" заң агенттігі ЖШС жобасының жетекшісі.

2006-2007 – ҚР ӘМ ҚАЖК "Еңбек-Ақтөбе" РМК басшысының м.а., директоры.

2007-2009 – Ақтөбе облысы бойынша Салық комитетінің бас маманы, бөлім бастығы, құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы;

2009-2010 – Ақтөбе қаласының салық басқармасының бастығы;

2010 – заң ғылымдарының кандидаты;

2010-2012 – Ақтөбе облысының сот актілерін орындау Департаментінің бастығы;

2011 – Қазақ-Орыс Халықаралық университетін "Есеп және аудит" мамандығы бойынша бітірген;

2012-2014 – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитеті төрағасының орынбасары;

2014-2018 – Республикалық жеке сот орындаушылары палатасының Басқарма төрағасы;

2019-2022 – Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары;

2022-2024 – Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Заң қызметі департаментінің директоры;

2024 жылғы 02 тамыздан 2025 жылғы 18 сәуірге дейін – "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.



**Әкімшілік-құқықтық департамент
директоры-
«QazExpoCongress» ҰК" АҚ/АО «НК
«QazExpoCongress».**

Еңбек жолы:

2000-2005-сөт отырысының хатшысы, Астана қаласы сотының бас маманы;

2005-2009 – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық және қадағалау алқаларының бас сарапшысы, бас консультанты;

2009 – Жамбыл облысы Қордай аудандық сотының судьясы.

2009-2011 – Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің жетекші маманы, Зияткерлік меншік жөніндегі бас маман, Алматы қаласы Әділет департаментінің жылжымайтын мүлік бөлімінің бастығы.

2011-2014 – авторлық құқық жөніндегі сарапшы, өнеркәсіптік меншік жөніндегі бас сарапшы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқықтары комитетінің ұйымдастыру-бақылау, кадрлық және талдау жұмысы басқармасының басшысы.

2014-2021 – "Қазгеология" ұлттық геологиялық барлау компаниясы" АҚ сатып алудың бас менеджері, бас менеджері, аға заңгері, Заң департаментінің директоры.

2021 – "Самұрық-Қазына" АҚ компаниялар тобындағы жұмыс.

2021-2024 – "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Құқықтық қамтамасыз ету және комплаенс-бақылау департаментінің директоры, Әкімшілік-құқықтық департаментінің директоры (2024 жылғы 24 маусымнан бастап – "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма мүшесі).

**«QazExpoCongress» ҰК" АҚ Басқарма
төрағасы
Чайжунусов Аллен Сержанович**

Еңбек жолын 1998 жылы бастаған.

2003-2006 жылдары дипломатиялық қызметте болды.

2006-2008-Маңғыстау облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары.

2008-2009-"Нұр Отан" Халықтық Демократиялық партиясы Орталық аппараты хатшылығының меңгерушісі.

2009-2013-"Самұрық-Қазына Контракт" ЖШС Басқарушы директоры, Қазақстан велоспорт федерациясының вице-президенті.

2013-2014 - Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары.

2014-2015- Қазақстан футбол федерациясының бірінші вице-президенті.

2015-2020 - "Астана ЭКСПО-2017" ҰК" АҚ басшылық лауазымдарды атқарды.

2020 жылғы 30 шілдеден 2024 жылғы 26 маусымға дейін - "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма төрағасы.

2020 жылғы 11 тамыздан бастап 2024 жылғы 01 тамызға дейін - "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

**"QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма
төрағасының орынбасары.
Жолдасбаев Сансызбай Елеусизович**

Еңбек жолы:

1993-1994 – "Меруерт" АҚ Бас директоры.

1994-1995 – "Қазпищепромсырьё" мемлекеттік сыртқы сауда компаниясы бас директорының орынбасары.

1995-1998 – "Қазақстан телевизиясы және радиосы" республикалық корпорациясының бірінші вице-президенті.

1998 – Қазақстан Республикасы Премьер - Министрі Кеңесінің бас инспекторы.

1998-2004 – ҚР Статистика агенттігі төрағасының орынбасары.

2004-2008 – ҚР ЕХӘҚМ "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ президенті.

2008-2011 – ҚР Білім министрлігінің "Ғылым қоры" АҚ Басқарма төрағасы.

2012-2014 – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының вице-ректоры.

2014-2017 – ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы.

2017-2021 – коммерциялық директор, Аппарат басшысы, "УМС" КҚ "Назарбаев Университеті" ДББҰ басқарушы директоры.

2021-2023 – "QazExpoCongress" корпоративтік қоры бас директорының орынбасары.

2023 жылғы 12 маусымнан бастап 2024 жылғы 16 ақпанға дейін "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

**"QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма
төрағасының орынбасары.
Искаков Марлен Нурахметович**

Еңбек жолы:

1996-1997 – ҚР Президенті Әкімшілігінің Жоғары экономикалық кеңесінің аға сарапшысы.

1997 – ҚР Стратегиялық жоспарлау агенттігінің талдау басқармасының бастығы.

1997-1998 – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі баспасөз қызметі басшысының орынбасары.

1998-2001 – ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігіндегі халықаралық салық салу департаментінің директоры.

2001-2002 – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторы.

2002-2003 – ҚР Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімінің меңгерушісі.

2003-2006 – ҚР Қаржы министрлігінде Салық комитетінің төрағасы (ҚР Қаржы вице-министрінің міндетін атқарушы.)

2007-2008 – "Самұрық" холдингі" АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі

2010-2012 – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанындағы "Казимпэкс" АҚ Басқарма төрағасы.

2012 – ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінде Комитет төрағасының м.а.

2023 жылғы 8 ақпаннан бастап – 2024 жылғы 22 қаңтарға дейін "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

Басқарманың маңызды шешімдеріне шолу

Компанияда 2024 жылы барлығы 46 Басқарма отырысы өткізілді, онда 568 мәселе қаралды. Басқарманың қарауына шығарылғанға дейін әрбір мәселе Компанияның барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен алдын ала келісілді.

Компанияның ағымдағы қызметіне байланысты мәселелердің қарастырылуын ерекше атап өткен жөн, атап айтқанда:

- Компанияның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;
- Компания қызметінің Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

9-бөлім.

ESG ҚАҒИДАТТАРЫН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ

Компания ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтылады, тұрақты дамуды қамтамасыз етеді, мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімін сақтайды.

Компания өз қызметінде Компанияның корпоративтік басқару кодексінде бекітілген мынадай орнықты даму қағидастарын басшылыққа алады: заңдылық, жауапкершілік, өкілеттіктердің аражігін ажырату, есептілік, тиімділік, мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеу.

Тұрақты даму мыналармен интеграцияланады:

- 1) басқару жүйесі;
2. Компанияның 2025-2034 жылдарға арналған Даму стратегиясы;
3. тәуекелдерді басқару, жоспарлау (ұзақ мерзімді (жоспар), орта мерзімді (бес жылдық іс-шаралар жоспары) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдерді қоса алғанда, негізгі процестер, есеп беру, адам ресурстарын басқару, инвестициялар, операциялық қызмет және басқалар, сондай-ақ органдардан бастап (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма) және қарапайым қызметкерлерге дейін барлық деңгейлерде шешім қабылдау процестері.

Тұрақты даму – Компания үшін жаңа стратегиялық бағыт.

Компания 2023 жылдан бастап тұрақты даму қағидастарын жүйелі енгізуге кірісті. Бұл бағыт Қазақстанның халықаралық экономикаға интеграциялануының жаһандық трендтері мен міндеттерін көрсете отырып, 2025-2034 жылдарға арналған даму жоспарының негізгі элементіне айналды.

Құзыреттілікті қалыптастыру – сәттілік кілті.

Жыл сайын Компанияның орнықты дамуы саласындағы іс-шаралар жоспары әзірленеді. Осы жоспар шеңберінде 2023 жылдан бастап Басқарма мүшелері мен Компания қызметкерлерін ESG-құзыреттері: есептілікті дайындау, ESG-скрининг жүргізу және т.б. бойынша жыл сайын оқытады. Бұл өндірістік емес компанияларда дәстүрлі ESG тәжірибесі болмаған жағдайда маңызды.

Компанияның бірегей ерекшеліктері ESG тәсілдерін бейімдеуді талап етеді. Компанияның өндірістік емес ұйым ретіндегі қызметінің ерекшелігі – бірінші кезекте халықаралық көрмелер мен іскерлік іс-шараларды ұйымдастырушы және оператор – ESG факторларын бейімдеуге белгілі бір қиындықтар туғызады.

- Компанияның тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жоспарын бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- құны Компания активтері құнының жалпы мөлшерінің елу пайызынан кем болатын мүлкті Компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын шарттар жасасу туралы шешімдер қабылдау;

- Компанияның штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Бұдан басқа, Басқарма оларды одан әрі Компанияның Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қарауына және бекітуіне шығару үшін алдын ала келісуді талап ететін барлық мәселелерді қарады.

Басқарманың 2024 жылғы қызметі туралы есепті Компанияның Басқарма төрағасы келісімдеді.

Энергетикалық кәсіпорындардан айырмашылығы, біз үшін тікелей экологиялық немесе ресурстық жүктеме әрдайым айқын бола бермейді, ал ESG әдістемесі климаттық әсерге, серіктестік тізбектерге және корпоративтік басқару мәдениетіне назар аудара отырып, қайта қарауды қажет етеді.

Жоспарлылық пен реализм – тұрақты прогрес кепілі. ESG-қызмет көрсету саласындағы енгізу – бұл біртіндеп және икемді процесс болғандықтан, Компания халықаралық стандарттарды жергілікті жағдайларға және біздің қызметіміздің ерекшеліктеріне бейімдей отырып, жауапкершілік пен ашықтық қағидастарына берілгендігін сақтай отырып, кезең-кезеңімен қозғалатын болады.

Анықтама: Орнықты даму саясаты Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 10 тамыздағы шешімімен (№5 хаттама) бекітілген.

Әлеуметтік жауапкершілік

Компанияның әлеуметтік саясаты Компаниядағы жұмыстан қанағаттану сезімін қалыптастыруға бағытталған және барлық қызметкерлер үшін әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақылар жүйесі арқылы іске асырылады.

Жыл сайынғы негізде Компания қызметкерлерінің қатысу көрсеткішін есептеу үшін сауалнама іске қосылады, оның нәтижелері бойынша қызметкерлердің әлеуметтік ахуал деңгейіне мониторинг жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 159-бабының 8-тармағына сәйкес Компанияның келісу комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша жыл сайын оқытудан өтеді.

Әлеуметтік қолдау.

Компания қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасау, қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсетудің қолданыстағы ережелеріне сәйкес жоғары білікті қызметкерлерді ұстап қалу және тарту мақсатында көрсетіледі.

2024 жылы Компания қызметкерлерге материалдық көмектің мынадай түрлерін ұсынды:

- бала туғанына байланысты 100 АЕК мөлшерінде – 8 қызметкерге;



– некеге тұруына байланысты – 50 АЕК мөлшерінде
– 2 қызметкерге;

- жақын туысының қайтыс болуына байланысты -
300 АЕК мөлшерінде – 5 қызметкерге;

- қызметкердің қайтыс болуына байланысты отбасы
мүшелеріне – 400 АЕК мөлшерінде – 1 қызметкерге
әлеуметтік көмек көрсетілді.

Сондай-ақ, Компания қызметкерлеріне
Компания қаражаты есебінен медициналық сақтандыру
беріледі.

Сонымен қатар, Компания қызметкерлері үшін
жыл сайын алдын ала белгіленген бағдар бойынша
таңертеңгі және кешкі тасымалдау қызметтері
ұсынылады. Қызметкерлерді тасымалдау – жұмысқа
уақытылы және ыңғайлы жолмен барып-келуді
қамтамасыз етудің танымал түрлерінің бірі. Бұл шешім
қызметкерлердің кейбір жеке көлік мәселелерін шеше
алатын және Компанияға қызметкерлердің жұмысқа
келуі мен кетуінің нақты және үйлесімді тәртібіне ие
болуға мүмкіндік беретін бірқатар артықшылықтар
береді. Сондай-ақ, тасымалдауды ұйымдастыру бұл
басқару менеджменті тарапынан қызметкерлерге
қамқорлық көрсетудің жақсы тәсілі.

Сонымен қатар, Компания қызметкерлеріне
EXPO бизнес орталығының жабық паркінгінде ақысыз
тұрақ орындары ұсынылады, бұл Компания
басшылығының өз қызметкерлеріне деген қамқорлығын
көрсетеді.

Қызметкерлерді оқыту және дамыту

Қызметкерлерді кәсіптік оқыту және дамыту
олардың лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және
міндеттерді шешу үшін қызметкерлердің кәсіптік және
басқарушылық қызметі саласындағы теориялық және
практикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын
жаңарту және қосымша игеру мақсатында жүзеге
асырылады.

Бүгінгі таңда кәсіби және мансаптық жағынан өсу
қызметкерлерді Компанияда ұстап қалу себептерінің бірі
болып табылады. Компанияға жақсы кәсіпқойларды
тарту немесе өзінің құнды қызметкерлерін сақтау үшін
Компания оларға дамуға мүмкіндік береді.

2024 жылы Компания біліктілікті арттырудың 9
курсын ұйымдастырды:

- "Еңбек даулары. Қазақстан Республикасының
еңбек заңнамасын қолдану және келіссөздер жүргізу
және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу
жөніндегі келісім комиссиясының мүшелерін оқыту"
(Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабының
8-тармағына сәйкес келісім комиссиясының мүшелері
Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану,
келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек
дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша жыл
сайын оқытудан өтуге міндетті) (7 қызметкер);

- "Квиземемлекеттік сектордың электрондық сатып
алулары" (1 қызметкер);

- "Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс (ӘРПК):
түсіну және қолдану мәселелері. ҚР Азаматтық
процессуалдық кодексіндегі (АПК) жаңалықтар. Сотқа
дейінгі реттеу бөлігіндегі түзетулер" (3 қызметкер);

- "Компанияның қызметіне ESG-стандарттарын
енгізу, GRI Standards сәйкес орнықты даму саласында
жылдық есепті дайындау және қалыптастыру" (19
қызметкер);

- "Стратегиялық тәуекел-менеджмент" (7
қызметкер);

- Ішкі аудит негіздері: CIA Part 1 Ver.2024»

- "Ішкі аудит тәжірибесі: CIA part 2" (1 қызметкер);

- "Радиациялық қорғау және қауіпсіздік" (2
қызметкер);

- "Тиімділік аудиті" (3 қызметкер);

- "ХҚЕС-тағы жаңалықтар" тақырыбындағы семинар
(9 қызметкер).

Офлайн және онлайн форматта өткізілген
біліктілікті арттыру курстары курстар аяқталғаннан кейін

Компания қызметкерлеріне тиісті сертификаттар берілді.

Сонымен қатар, 2024 жылы Компания
қызметкерлерінің табыс бойынша декларацияны
тапсыруына және жалпыға бірдей декларациялаудың
енгізілуіне байланысты, Компания қызметкерлері
арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін 2024
жылғы 05 сәуірде Астана қаласы Есіл ауданының салық
комитетімен бірлесіп "Жеке тұлғалардың табыстары мен
мүлкін жалпыға бірдей декларациялау" тақырыбында
семинар өткізілді (50 қызметкер қатысты).

Мемлекет басшысының "Әділ Қазақстанның
экономикалық бағыты" Қазақстан халқына Жолдауын
іске асыру аясында АМАНАТ партиясы мемлекеттік
органдармен және екінші деңгейдегі банктермен
"Қарызысыз қоғам" жобасын іске қосты. 2024 жылғы 17-21
маусым аралығында Компанияның 15 қызметкері "Жеке
қаржыны басқару" қаржылық сауаттылығы бойынша
тегін оқытудан өтті.

Мотивация және команда құру

Қызметкерлерді ынталандыру бағдарламасы
еңбекақы төлеу жүйесі және қызметкерлерді әлеуметтік
қолдау жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, оқу
және материалдық емес ынталандыру – құрмет
граммаларымен және алғыс хаттармен марапаттау да
ынталандыру шараларына жатады.

Компаниядағы команда құрушы іс-шаралар
ұйымшыл ұжымды құруға, қызметкерлер арасындағы
өзара іс-қимылды жақсартуға, сондай-ақ қызметкерлерді
психологиялық түсіруге бағытталған.

Компания 2024 жылы команда құру бойынша
түрлі форматтағы 14 іс-шара өткізілді:

1. 2024 жылдың 7 наурызында ұжымның ер-
азаматтары дәстүрлі түрде Халықаралық әйелдер күніне
- 8 наурызға арналған концерттік бағдарлама
ұйымдастырды, онда ерлер өздерінің құттықтауларын
шығармашылық қабілеттері мен креативтілігі арқылы
білдіріп, бұл ұжымның әйелдер тарабынан жоғары
бағаланды;

2. 2024 жылдың 15 наурызында Халықаралық
көрме орталығында (бұдан әрі – ХКО) Компанияның
бастамасымен мемлекет және қоғам қайраткері Оразқұл
Асанғазымен кездесу өтті. Кездесу барысында ол қазақ
тілінің қоғамдық өмірдегі маңызы, саналы ұрпақты
тәрбиелеу, болашақ ұрпаққа құрмет пен ұлттық
құндылықты қалай сіңіру және қазақ тілінің мәртебесін
арттыру туралы айтып берді;

3. Наурыз мейрамына дайындық аясында ұжымда
2024 жылдың 15 наурызы мен 15 сәуірі аралығында
"Ұлттық киім айы" жарияланды. Бұл жоба ерекше ұлттық
мәдениетті дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды,
сондай-ақ қазақтың ұлттық киімінің көркемдігіне
арналды. Бұл әріптестер арасында үлкен қолдауға ие
болды, өйткені ұжымда ерекше атмосфера орнап,
ұжымның әйелдері ұлттық дизайнерлік киім үлгілерін
киіп, көптің назарына ұсынды.

4. 2024 жылдың 20 наурызында Компания ұжымы
ұйымдастырған "Қош келдің, өз Наурыз!" мерекелік
байқауы өтті.

Конкурс аясында Компанияда оның
қызметкерлерінің қатысуымен үш шартты қазақ ауылы -
"Әйтеке би", "Қазыбек би" және "Төле би" ауылдары
құрылды, олардың әрқайсысының тұрғындары қазақтың
ұлттық дәстүрлерін, дәстүрлі тағамдары бойынша
біліктіліктерін көрсетті. Байқау әр түрлі номинациялар
бойынша шығармашылық қабілеттерін көрсеткен
барлық ұлт өкілдерін біріктірді;

5. 2024 жылдың сәуір айында жыл сайынғы
жалпықалалық сенбілік аясында Көрме кешенінің
аумағында ағаштар отырғызылды;

6. 2024 жылдың мамыр айында Компания
командасы



мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлері арасындағы шағын футбол турниріне қатысты;

6. 2024 жылдың мамыр айында Компания командасы мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлері арасында шағын футболдан турнирге қатысты;

7. 2024 жылғы 5-9 тамыз аралығында Компанияда қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы және қоғам қайраткері Абай Құнанбаевтың туған күніне арналған апталық өтті. Апталық бойы қызметкерлер ұлы ақын-ағартушының өмірбаяны мен шығармашылығымен танысты.

Апталықтың соңында Компания қызметкерлері арасында "Ұлы халықтың ұлы Абайы" тақырыбында байқау өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) Тіл саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Рахымжанов қатысты.

Алдағы уақытта байқауды ұйымдастырудың жоғары деңгейі және Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытуға қосқан ерекше үлесі ҚР ҒЖБМ министрінің грамоталарымен (2 грамота) ерекше атап өтілді;

8. 2024 жылғы 23 тамызда Компания қызметкерлері ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуге өз бастамашылығымен қатысты, ол Компаниядағы қазақ тілін білу деңгейін қызметкерлердің көпшілігінде орташадан жоғары (кейбір қызметкерлер жинаған жоғары балды ескере отырып) нәтиже көрсетті;

9. 2024 жылдың 5 қыркүйегінде Компанияда "Тіл тағдыры – ел тағдыры" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелдің мақсаты – қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту және оны Компания өмірінің түрлі салаларында қолдануды насихаттау, Компанияда қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру;

10. 2024 жылдың қыркүйегінде жалпы қалалық сенбілік аясында Көрме кешенінің аумағында тазалау жұмыстары жүргізілді;

11. 2024 жылғы 21 қазанда Компанияның волейбол командасы Есіл ауданының командалары арасында (27 команда) ҚР Республикасы күніне орай Есіл ауданының әкімдігі ұйымдастырған сайыста 1-орынды иеленді (Компания командасы 2 жыл қатарынан 1-орынды иеленді);

12. 2024 жылғы 12 желтоқсанда Тәуелсіздік күніне орай және Компания қызметкері М.А. Бутпановты еске алу үшін ерлер арасында көпсайыстан турнир өтті (барға тарту, қолды бұғу-созу (кеуде жаттығуы), штанга көтеру және пресс жасау);

13. Конгресс-орталықта 2024 жылғы 28 желтоқсанда іскерлік орталық аумағында жаңа жылға орай "Мурат Мутургановтың еліміздің үздік жаңа жылдық шоуы" компания қызметкерлерінің балаларына арналған жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырылды, сондай-ақ Есіл ауданы әкімдігі ұсынған тізім бойынша көп балалы отбасылардың балаларына жаңа жылдық сыйлықтар беру ұйымдастырылды;

14. Конгресс-орталықта 2024 жылғы 28 желтоқсанда іскерлік орталық аумағында Компания қызметкерлеріне арналған корпоратив және Жаңа жылға арналған байқаулар өткізілді.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

Қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті, тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы және өрт қауіпсіздігі саласындағы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасы

талаптарының сақталуын қадағалау Компания қызметінің басым бағыттары болып қала береді.

EXPO көрме кешенінің объектілері мен аумағындағы ахуал туралы бақылауды ұйымдастыру және уақтылы ақпарат алу, тыйым салынған заттарды алып өтуге жол бермеу, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасаудың ықтимал әрекеттерін уақтылы анықтау және жолын кесу үшін объектішілік өткізу режимдері белгіленген. Өткізу режимі, тексеру іс-шаралары, сондай-ақ EXPO көрме кешенінің объектілері мен аумағын күзету Қоғам алдында шарттық міндеттемелері бар жеке күзет ұйымына жүктелген.

Компанияның аумағы мен объектілеріндегі ахуалдың дамуын тәулік бойы бақылау, ықтимал штаттан тыс және төтенше жағдайларды уақтылы оқшаулау және алдын алу қауіпсіздікті басқару пунктімен қамтамасыз етіледі. Штаттан тыс жағдайларға ден қою әзірленген алгоритмдер шеңберінде, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген "Стандартты емес және төтенше жағдайлар туындаған жағдайда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ қызметінің үздіксіздігі жоспарына" сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғамның объектілерінде және бақылау-өткізу пункттерінде техникалық қауіпсіздік құралдарының, бағдарламалық-техникалық кешендер мен тексеру жабдықтарының жұмыс істеуіне тұрақты негізде бақылау жүргізіледі. Техникалық жетілдіру шеңберінде келушілерді тексеру үшін 15 рентген-телевизиялық қондырғыны қосымша сатып алу бойынша жұмыс жүргізілді.

Техникалық құралдарды қолдана отырып, 2024 жылдың 12 айында барлығы 4 686 048 адам тексеріліп, Компанияның паркинг аймағы мен аумағына 32 265 автокөлік құралы жіберілді.

Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің күзетілетін адамдарының қатысуымен 21 іс-шараның, жоғары лауазымды адамдардың және/немесе шет мемлекеттер делегацияларының қатысуымен, сондай-ақ ірі қоғамдық-саяси және мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде 96 іс-шараның қауіпсіздігі мен құқықтық тәртібі қамтамасыз етілген (Шанхай ынтымақтастық ұйымының Астана саммиті-мемлекет басшылары кеңесінің жыл сайынғы отырысы, Цифрлық интеграция және трансформация жөніндегі Азия-Тынық мұхиты министрлік конференциясы, Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесінің отырысы, Қазақстан-Өзбекстан форумы, халықаралық салалық көрмелер, Астана күніне арналған іс-шаралар және т.б.).

Террористік тұрғыдан осал Компания объектілерінің терроризмге қарсы қорғанысын ұйымдастыру бойынша бірқатар іс – шаралар (бұдан әрі-ТТО объектілері) іске асырылды.

Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № 32 "Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №7 "Нұр-Сұлтан қаласының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысына сәйкес Компанияның ТТО объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының 2 паспорты әзірленді және бекітілді.

Террористік сипаттағы қауіп-қатерлерге ден қоюға дайындық деңгейін арттыру мақсатында Компания объектілеріндегі (АХҚО, ЦДИАӨМ, Astana HUB, "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ, "Kazakh Tourizm" ҰК" АҚ, "QazInnovations" АҚ, Астана IT университеті, "Kaz Telekom" ЖШС және т. б.) жалға алушылардың қызметкерлерімен, сондай-ақ мердігер ұйымдардың қызметкерлерімен терроризмге қарсы дайындық бойынша нұсқаулықтар өткізілді. Жалпы қамту 5000-нан астам адамды құрады.

Компания объектілері мен аумақтарында өрт қауіпсіздігі бойынша қалыптасқан жағдай бақыланды.



Есепті кезеңде объектілерде автоматты өрт дабылының жұмысқа жарамдылығын 96 тексеру, павильондарды 112 тексеру, жалға берілетін орынжайларда өрт қауіпсіздігінің нормалары мен талаптары бойынша 80 консультация өткізілді.

2024 жылғы наурызда "AMG-AZIA" ЖШС өрт қауіпсіздігі саласындағы аудитпен өткізген Компания объектілерінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі оң қорытынды бере отырып айқындалды.

Компанияның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясатының негізінде қауіпсіздік үшін жауапкершілік қағидаты, барлық қызметкерлер арасында "нөлдік жарақаттану" мәдениетін қолдау, сондай-ақ тәуекелдерді тиімді басқару жатыр. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру, олардың орындалуын бақылау мамандандырылған курстарда оқудан өткен және тиісті үлгідегі сертификаттары бар Компанияның жауапты қызметкерлеріне жүктелген.

EXPO көрме кешенінің объектілері мен аумақтарында (дәнекерлеу, от, электр монтаждау жұмыстары) қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындау кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар әзірленді, Компанияның Басқарма төрағасының 2024 жылғы 13 сәуірдегі № 24 бұйрығымен бекітілді және практикада қолданылады. Мердігерлік ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау техникасы қағидаларын орындауын бақылау шеңберінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жұмыстарды жүргізуге 233 жүктеме - рұқсат келісілді. Жалға алушылардың жауапты қызметкерлерімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін сақтау бойынша 169 консультация, 2024 жылғы тамызда - Компания қызметкерлерімен алғашқы және қайталама кіріспе нұсқаулықтар өткізілді.

"Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Компания персоналы жазатайым оқиғалардан сақтандырылды.

Іс-шаралардың тиімділігінің көрсеткіші есепті жыл бойы жазатайым оқиғалардың, жарақаттанудың және өзге де жағымсыз көріністердің туындау фактілерінің болмауы болып табылады.

АКТ-инфрақұрылымының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету

Ақпараттық жүйелердің сенімділігін арттыру және деректердің жылыстауына, киберқауіптерге және техникалық іркілістерге байланысты тәуекелдерді азайту мақсатында 2024 жылы іс-шаралар кешені іске асырылды:

Құпия ақпараттың жылыстауын болдырмау және деректермен жұмыс істеу мониторингі үшін DLP (Data Loss Prevention) жүйесі енгізілді;

SIEM (Security Information and Event Management) жүйесі желілік коммутаторлардан оқиғаларды логтау теңшемесімен енгізілді;

Қызметкерлер арасында ақпараттық қауіпсіздіктің тұрақты мәдениетін қалыптастыруға бағытталған киберқауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту платформасы іске қосылды;

Жүйелердің өнімділігі мен ақауларға төзімділігін арттыру үшін VMware ESXi виртуалдандыру платформасын 6.5 нұсқадан 7.0 нұсқаға дейін жаңарту жүргізілді;

Жылдық кестеге сәйкес ДБО жабдықтары мен кешенді қауіпсіздік жүйелеріне регламенттік техникалық қызмет көрсету орындалды;

Exos 9300 бойынша сервистік қызмет көрсету жүзеге асырылды және кіріп-шығуды бақылау және басқару жүйесінің бағдарламалық-аппараттық компоненттерін жаңғырту жүргізілді. Жұмыстарда лицензияларды жаңарту, қалпына келтіру жоспарын жүзеге асыру және жабдықтың күйін тексеру қамтылды. Барлық іс-шаралар жасалған шарттардың талаптарына сәйкес қатаң түрде өткізілді.

Автотұрақ кеңістігін басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу

"Qazexprocongress" ҰК" АҚ-тың инфрақұрылымды кезең-кезеңімен коммерцияландыруды көздейтін 2015-2024 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру шеңберінде Қоғам тұрақ кеңістігін басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізді.

Бүгінгі таңда жүйе ЭКСПО іскерлік орталығының жерасты паркінгінің 7 кіру және шығу топтарында сәтті жұмыс істеп тұр. 2024 жылы жоба ауқымы ұлғайтылды:

Халықаралық шығыс орталығының көше тұрағында ақылы жүйе енгізілді;

ЭКСПО іскерлік орталығының жер үсті тұрағының кіру топтары автоматтандырылған.

Жобаны іске асыру тұрақ ресурстарын тиімді басқаруды қамтамасыз етуге және инфрақұрылымды пайдаланудан түсетін қосымша табыс көздерін құруға мүмкіндік берді.

10-бөлім.

Экологиялық саясат

2024 жылы орнықты даму қағидаттарын іске асыруға, қоршаған ортаға әсерді азайтуға және тиімді табиғат қорғау практикаларын енгізуге бағытталған Экологиялық саясат (Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының 2024 жылғы 08 қазандағы №9 шешімі) бекітілді.

Компанияның қызметі экологиялық қауіпті болып табылмайды және елеулі экологиялық тәуекелдермен қатар жүрмейді. Қоғам өзінің экологиялық саясаты шеңберінде қоршаған ортаға ықтимал әсерді барынша азайтуға бағытталған сақтық қағидатын ұстанады және экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізуге ықпал етеді. Есепті кезеңде табиғат қорғау заңнамасын бұзу жағдайлары анықталған жоқ, қадағалау органдары тарапынан ұйғарымдар мен жазалар жоқ.

Компания экологиялық бастамалар мен жобаларға, соның ішінде қоршаған ортаны қорғау іс-шараларына, аумақтарды тазарту акцияларына, білім беру науқандарына және экологиялық құндылықтарды қолдауға бағытталған басқа да іс-шараларға белсенді қатысады.

Көгалдандыру және абаттандыру

Компания қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған экологиялық бастамалар мен жобаларға белсенді қатысады. Негізгі бағыттардың бірі – ағаш отырғызуды, жасыл аймақтарды және жақсы күтімді ландшафттарды құруды қамтитын EXPO аумағын көгалдандыру. Бұл іс-шаралар ауа сапасын жақсартуға, жалға алушылар мен келушілерге қолайлы жағдай жасауға және климаттың өзгеруімен күресуге үлес қосуға ықпал етеді.

2024 жылы мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

- 190 қарағай, сондай-ақ 10 000-нан астам бұта (ырғай, көпіршік, тобылғы, шетен, шығыс гүл және т. б.) отырғызылды;

- 1 257 м² көгал қалпына келтірілді, 1 366 м² аумақ қопсытылды;

- жалпы ауданы 1000 м² көпжылдық және біржылдық гүлдер отырғызылып, гүл композициялары қалыптастырылды;

- барлық жасыл көшеттерге тұрақты күтім жасалып, суарылды..

Жыл сайын EXPO аумағында жаңа жасыл желектерді көгалдандыру және отырғызу жұмыстары жүргізіледі. Осы іс-шаралар аясында біз аумақтың экологиялық жағдайын жақсартуға ықпал ететін және келушілер үшін қолайлы жағдай жасайтын тұрақты және сәндік тұқымдарды таңдауға ерекше назар аударамыз. Бұл неғұрлым қолайлы экожүйені құруға ықпал етеді және біздің аумақтың эстетикалық тартымдылығын арттырады.

Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі

Әлемдік тәжірибеге сәйкес, энергия менеджменті жүйесін табысты іске асыру энергия тұтынуды 3% - ға төмендетуге мүмкіндік береді. Осындай нәтижелерге қол жеткізу үшін Компания энергия аудиттерін жүргізуді, энергия тұтынудың тұрақты мониторингі мен талдауын, сондай-ақ электрмен жабдықтау жүйелерінің жұмысын оңтайландыруға және ресурстарды ұтымсыз пайдалануды қысқартуға бағытталған қазіргі заманғы энергия тиімді технологиялар мен жабдықтарды енгізуді қамтитын іс-шаралар кешенін жүзеге асыратын болады

Электр энергиясын тұтынуды азайту үшін Компания мынадай шараларды жүзеге асырды:

- энергия аудитін жүргізу;
- энергияны үнемдейтін шамдарды/лампочкаларды орнату;
- жарықтандыруды автоматты басқару жүйелерін енгізу;

- 2024 жылғы 26 ақпанда "Әуежай" және "Олимп" қосалқы станцияларынан электр энергиясын коммерциялық есепке алуды "Энергоорталық" тобына көшіру аяқталды, онда кабельдік желілердің жалпы ұзындығы шамамен 30 км құрады, бұл энергия тұтынуды оңтайландыруда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

*Нәтижесі: EXPO объектілерінде электр энергиясын тұтыну 2023 жылмен салыстырғанда 29% - ға төмендеп, 50,9 млн. кВт*сағ құрады.*

Суды тұтыну және үнемдеу

Компания су тұтыну көлемін азайтуға, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға және табиғи су объектілеріне әсерді барынша азайтуға бағытталған шараларды дәйекті түрде іске асырады. Су ресурстарының стратегиялық маңыздылығын түсіне отырып, Компания экологиялық стандарттар мен нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, оларды ұтымды және ұқыпты пайдалану қағидаттарын ұстанады.

Су тұтынуды азайту үшін Компания мынадай шараларды қабылдады:

- Конгресс-орталық объектісінде сенсорлық араластырғыштар орнатылды. Сонымен, "Конгресс Орталығы", "Халықаралық көрме орталығы" объектілері, В2.4 коммерциялық павильоны сенсорлық араластырғыштармен жабдықталған. Сондай-ақ, көптеген объектілер олармен ішінара жабдықталған.

- 2024 жылы істен шыққан жабдықты жаңасына ауыстыруды қоса алғанда, инженерлік желілерге қызмет көрсету бойынша Мердігер ағымдағы жұмыстарды жүргізді.

- EXPO аумағында жер асты суымен автоматты суару жүйесін қамтамасыз ететін көлемі 100 текше метр болатын резервуар бар. Бұл резервуардың болуы Компанияға техникалық және ауыз суды пайдаланбай суды үнемдеуге мүмкіндік береді, бұл Компанияға су ресурстарын тұтынуды оңтайландыруға мүмкіндік береді және EXPO кешенінің аумағын күнделікті суаруды қамтамасыз етеді.

- судың ағып кетуін үнемі бақылау және жөндеу.
Нәтиже: суды тұтыну 2023 жылмен салыстырғанда 1,4% - ға азайып, 99 936 м³ құрады.

Су ресурстарын тұтынуды оңтайландырудың одан әрі шарасы су үнемдеу жабдықтарын орнатуды жалғастыру болып табылады.

Екінші деңгейдегі парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары (Scope 2)

Орнықты даму қағидаттарына сәйкес Қоғам электр және жылу энергиясын тұтынумен байланысты парниктік газдар шығарындыларының мониторингі мен есебін жүргізеді.

Іс-шаралар туралы толық ақпарат орнықты даму есебінде ашылады.

II-бөлім.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН ПРОГРЕСС (РЕГРЕСС)

2023-2024 жылдары республикалық бюджет қаражатын пайдалану.

"2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 01 желтоқсандағы №163-VII Заңына сәйкес "QazExpoCongress" ҰК" АҚ "Астана" халықаралық форумын ұйымдастыру және өткізу үшін 1 440 619,0 мың теңге сомасында қаражат алынды, игерілгені 99,71 %.

2024 жылы осы мақсаттарға республикалық бюджеттен 1 440 619,0 мың теңге бөлінді, оның ішінде 72 242,7 мың теңге игерілді. Қаражат қалдығы су тасқыны салдарын жою және зардап шеккен азаматтарға көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша іс-шараның күшін жоюға байланысты республикалық бюджетке қайтарылды.

Бұған қоса, 2024 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының ЭКСПО-2025 дүниежүзілік көрмесіне (Осака қ., Жапония) қатысуы үшін 1 549 874 мың теңге мөлшерінде қаражат алынды, оның ішінде 2024 жылы Қазақстанның "С" үлгісіндегі павильонының орынжайларын жалға алу және жалпы сомасы 22 700 мың теңгеге банктік қызмет көрсету шығындары төленді. Қалған қаражат 2025 жылы игеріледі.

Жоғарыда аталған себептерге сәйкес 2024 жылы игеру сомасы 94 942,7 мың теңгені құрады, бұл 2023 жылғы шығыстардан 1 341 454 мың теңгеге аз.

№	ББ атауы	Факт 2023ж.	Факт 2024ж.	+/-	%
1	210 "Астана" халықаралық форумын ұйымдастыру және өткізу үшін "QazExpoCongress" ҰК" АҚ-қа нысаналы аударым	1 436 396,4	72 242,7	-1 364 154	5%
2	109 "ҚР Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен ағымдағы іс-шараларды өткізу"		22 700,0	22 700	
	Барлығы:	1 436 396,4	94 942,7	-1 341 454	7%

• 2024 жылы Басқарма құрамынан Басқарма төрағасының орынбасарының (мүшесінің) позициясын алып тастау және жетекшілік ететін мәселелерді Компания Басқармаларының басқа мүшелері арасында қайта бөлу арқылы Компанияның ұйымдық құрылымын, басшы лауазымдарының сандық құрамын және әкімшілік шығыстарын оңтайландыру бойынша белгілі бір жұмыс жүргізілді.

Бұдан басқа, ережелерді, лауазымдық нұсқаулықтарды және өзге де ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру арқылы бизнес-процестерді оңтайландыру жүргізілді, осылайша жүргізілетін жұмыстың сапасы артып мен құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылының жеделдігі жоғарылады.

Компания қызметкерлерінің тартылуын арттыру шеңберінде 2024 жылы команда құру іс-шараларының саны (2023 жылы 10 және 2024 жылы 14) және оқытудан өткен қызметкерлер саны (2023 жылы 50 және 2024 жылы 51 қызметкер) ұлғайды.

• 2024 жылдың қазан айында "Hilton Astana" қонақ үйінің алаңында Компания алғаш рет Мемлекет басшысының қатысуымен, AIF қамқорлығымен алғашқы Think Tank Forum-ын ұйымдастырып, өткізді. Қазақстан Республикасының Үкіметі іс-шараны ұйымдастыру деңгейіне жоғары баға берді, оның ашық

сараптамалық диалогты қалыптастыру және елдің орнықты дамуы мүддесінде стратегиялық бастамаларды әзірлеу үшін маңыздылығын атап өтті.

• 2024 жылы Қоғам қатысқан халықаралық іс-шаралар саны едәуір өсті.

Мұндай іс-шараларға қатысу өз алаңдарында осындай іс-шараларды ұйымдастыру тәжірибесін, оның ішінде EXPO форматындағы көрмелерді өткізу тәжірибесімен алмасу және олар аяқталғаннан кейін объектілерді пайдалану бөлігінде қабылдауға құнды мүмкіндік береді.

• 2024 жылы өткізілген іс-шаралар саны 2023 жылмен салыстырғанда артық.

Салыстыратын болсақ, 2023 жылы 114 іс-шара өткізілді, оның ішінде "EXPO" халықаралық көрме орталығында 47 іс-шара, Конгресс-орталықта 64 іс-шара және "Нұр Әлем" сферасы Болашақ энергиясы музейінде 3 іс-шара өткізілді. Табыс 2 842 млн. теңгені құрады.

• 2024 жылы жоспар бойынша 8 574 млн.теңге болғанда, кеңседегі және саудалық жылжымайтын мүлікті жалға беруден түскен түсім 9 843 млн. теңгені құрады

Объектілердің толымдылығы 100% құрады. Салыстыру үшін, 2023 жылы-8 361 млн. теңге.

• Тұрақ кеңістігін жалға беруден түскен табыс 252 млн. теңгені құрады. Салыстыру үшін, 2023 жылы - 153 млн. теңге.



БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Азаматтардың өтініштеріне арналған электронды адрес:

kense@qazexpocongress.kz

Хаттарды қабылдауға арналған кеңсе телефоны:

+7(7172) 91 71 22, 91 70 18, 91 70 22

Комплаенс - қызметі:

+7 7172 91 71 04





1-қосымша.

2024 жылғы "QazExpoCongress" ҰК" АҚ жылдық қаржылық есептілігі (жеке және шоғырландырылған), КРМГ аудиттелген халықаралық консалтингтік компаниясы.

